

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ

ПАВЛОДАР УНИВЕРСИТЕТІ
МАГИСТРУТУРА
“Журналистика және қазақ филологиясы” кафедрасы

Магистрлік диссертация

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АНТОНИМДЕС ТҰРАҚТЫ СӨЗ
ТІРКЕСТЕРІ

521250 “Филология” (қазақ тілі)

Орындаған _____ 15.04.05. _____ Балпанов Н.М.
(колы, күні)

Ғылыми жетекшісі
ф.ғ.к., доцент _____ 15.04.05. _____ Сарбалаев Ж.Т.
(колы, күні)

Қорғауға жіберілді:
“ЖжҚФ” кафедра менгерушісі
ф.ғ.к., доцент _____ 15.04.05. _____ Жүсіпова Г.Қ.
(колы, күні)

Павлодар, 2005

Аңдатпа

Аталмыш магистрлік диссертацияда фразеологизмнің лексикалық сипаты мен оның антонимдес тұрақты сөз тіркестерінің қолданылу ерекшелігі қарастырылады.

Антонимдес тұрақты сөз тіркестерінің жасалу жолы мен функционалдық қызметіне талдау жасалынды, мағыналық топтары мысалдармен дәлелденген.

Аннотация

В магистерской диссертации дается лексический анализ фразеологизмов и рассматривается особенность употребления антонимных к ним устойчивых словосочетаний, а также проведен анализ образования и функционального применения антонимных устойчивых словосочетаний и обоснование видовых значений необходимыми примерами.

Annotation

In magistrate Thesis lexical analysis of phraseologies is given. The peculiarity of use of their antonym is stable word combinations is under consideration here.

And analysis of formation and functional use of antonyms stable word combinations is given in the work.

The basis of aspect and meanings is illustrated by examples which are necessary.

ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3-8
I. ФРАЗЕОЛОГИЗМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЛЫ.....	9
II. АНТОНИМДЕС ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ.....	11
2.1. АНТОНИМДЕС ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ СИПАТЫ.....	16-18
2.2. ҚАРСЫ МАҒЫНАЛАС ЕТІСТІКТІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР.....	18-24
2.3. АЛҒЫС ЖӘНЕ ҚАРҒЫС МӘНДІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР.....	24-27
2.4. АЛҒЫС ЖӘНЕ ҚАРҒЫС МӘНДІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ АНТОНИМДІК СИПАТЫ.....	27-38
2.5. МАҚАЛ - МӘТЕЛДЕРДІҢ АНТОНИМДІК СИПАТЫ.....	38-47
III. ҚОРЫТЫНДЫ.....	48-51
IV. ФРАЗАЛЫҚ АНТОНИМДЕР СӨЗДІГІ.....	52-80
V. ӘДЕБИЕТТЕР.....	81-84

КІРІСПЕ

Тіл – мәдениеттің құрамдас бөлігі, оны меңгерудің негізгі құрамы, ұлттық менталитеттің ерекше белгілерін сақтаушы құрал.

Қазіргі тіл білімінде фразеологиялық сөз тіркестеріне лексикология жақтан ажыратылмайтын, беретін мағынасы құрамындағы сөздердің мағынасынан тумайтын тұрақты тіркестерін жатқызумен бірге макалдар мен мәтелдер, афоризмдер мен канатты, нақылды сөздерді де фразеологияға жатқызу қалыптасты деуге болады. Бірақ фразеологияға катысты терминдер әлі бір ізге келген жоқ. Мысалы, орыс тіл білімінде академик В.В. Виноградов тұрақты фразалық сөз тіркестерін құрылысына және құрамындағы сөздердің мағыналарының ұласу дәрежесіне қарай фразеологиялық тұтастықтар, фразеологиялық бірліктер және фразеологиялық тізбектер деп үш топқа бөліп, мақал-мәтел және канатты сөздерді фразеологиялық единицалардың ешқайсысына жатқызбайды.

Ал қазақ тіл білімінде академик І. Кеңесбаев фразеологиялық тіркестерді идиома, фраза, мақал-мәтел деп топтастырады. Профессор А.И. Ефимов мақал мен мәтел, канатты сөздердің тілде әбден орнығып, қалыптасып кеткенін ескеріп, мақал мен мәтел сөздерді фразеологиялық единицалардың айрықша түрі ретінде қарайды. Қазіргі қазақ тіл білімінде фразеологиялық единицаларға идиома мен фраза және сонымен қатар мақал мен мәтел, канатты, афоризм сөздерді жатқызып жүрміз [3. 87-88].

Бұдан шыққан қорытынды арқылы біз фразалық антонимдерді жан-жақты қарастырып, жұмысымыздың негізгі тақырыбы етіп отырмыз.

Фразалық антонимдер – мән-мағынасы бір-біріне қарама-қарсы қолданылатын тұрақты сөз тіркестер. Қазақ тілінің энциклопедиясында фразалық антонимдердің екі түрін көрсетеді.

1. Тұрақты тіркестердің өз ішіндегі компоненттерді басқа сөздермен алмастыру арқылы жасалады. Мысалы, аты шықты – аты өшті, ат ізін

салмады – ат ізін құрғатпады, ашық мінез – тұйық мінез, әлі кірді - әлі кетті, беделі артты – беделі түсті, есіне түсті – есінен шықты т.б.

2. Құрылымы-құрылысы жағынан мүлде басқа сөздерден жасалады. Мысалы, соры сорпадай қайнайды – көзі ашылды, шөлі қанды – қаны кепті, сабыр етті – дегбірі қалмады, салт басты – үйлі-баранды, аузыңа май – жағың қарыссың т.б.

Біз фразалық антонимдердің басқа да тәсілмен жасалу жолдарын аша отырып, олардың антонимдік қатынасқа түсу ерекшеліктері мен қызметтерін еске ала отырып көрсетуге ұмтылдык. Бұдан басқа фразеологизмдердің алғыс және қарғыс мәнді болып бөлінуін де тілге тиек еттік. Өйткені алғыс және қарғыс сөзінің мағынасы адамдардың әрқилы іс-әрекетін, адамгершілік көзқарасы тұрғысынан берілетін қарама-қарсы бағаны білдіреді. Алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер тілде үнемі бір-біріне қарама-қарсы мәнде жұмсалады.

Фразеологиялық тіркестер қай тілде болмасын мақал-мәтелдермен қат-қабат, қатарласа өмір сүреді. Бұл тілдік категориялар тіл байлығының ең құнарлы тармағына жатады және көркем сөз қорының мәйегі болып саналады. Сондықтан да мақал-мәтелдердің антонимдік қатынасқа түсіп отыруын тіліміздегі құбылыстардың бірі деп танымыз.

Міне, осындай құбылыстардың жайы жұмысымыздың басты мазмұны болмақ.

Зерттеудің өзектілігі. Тілдегі фразеологизмдер – тілдік бірліктің ішінде дамыған, қалыптасқан, әдеби тіл дамуы кезеңдерінің өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын тілдің ажырамас бір бөлігі. Тілдегі фразеология саласы жан-жақты зерттелгенімен, қазіргі қазақ тіліндегі антонимдес тұрақты сөз тіркестері күні бүгінге дейін қазақ тіл білімінде зерттеушілердің назарынан тыс қалып келеді. Бірсыпыра ғалымдардың тарапынан айтылған құнды пікірлеріне қарамастан, антонимдес тұрақты сөз тіркестері өз алдына зерттеу объектісіне айналған жоқ. Осындай жәйтті

басқа түркі тілдерін зерттеуші ғалымдарының да еңбектерінен ұшыратамыз.

Антонимия тек лексикалық единицаға тән құбылыс емес, ол сондай-ақ фразеологияны да қамтитын тілдік құбылыс. Өйткені фразеологизмдер көбінесе сапалық сипатта болады. Сондықтан көптеген тұрақты сөз тіркестері бір-біріне қарсы мағыналас болып келе береді. Мұны тіл мамандарының бәрі де мойындайды. Сол себепті тұрақты сөз тіркестеріндегі антонимдік қолданыстарды жан-жақты талдай отырып, антонимдік қатынасқа түскен тіркестерді қарастыруға тырыстық. Сондай-ақ бұл еңбекте фразалық антонимдер тобына мақал-мәтелдердегі антонимдік қатынастар жайы, алғыс-қарғыс мағыналы сөздердің бір-біріне қарама-қайшылықта келулері туралы сөз қозғалды.

Тұрақты сөз тіркестер антонимдік қатынасқа түсу үшін құрамындағы компоненттері өзара қарсы мағыналас болуы, олардың лексика-семантикалық қатынасқа түсуі, т.б. туралы сөз етілді.

Жалпы тілдегі антонимдес тұрақты сөз тіркестерінің бұндай құбылыстарын зерттеу жас маман үшін өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Зерттеудің нысаны. Еңбекте қазіргі қазақ тіліндегі антонимдес тұрақты сөз тіркестерінің зерттеу нысаны етіп, І. Кенесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» мен «Фразалық антонимдер сөздігі» пайдаланылды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Тұрақты сөз тіркестерінің антонимдік мағынада қалыптасуы туралы еңбектің басты мақсаты болып табылады.

Осы мақсатқа сәйкес зерттеу жұмысының негізгі міндеттерінің бірі болып төмендегі міндеттер қойылады:

- тілдегі антонимдес тұрақты сөз тіркестерінің жасалу ерекшеліктерін анықтау;

- антонимдес тұрақты сөз тіркестерінің әр сөз таптарынан болуын анықтау;
- антонимдес тұрақты сөз тіркестерінің стильдік қолданыстарын анықтау;
- антонимдес тұрақты сөз тіркестеріндегі алғыс және қарғыс мағыналы сөздердің қарама-қайшылықта қолданылуын көрсету;
- антонимдес мақал-мәтелдердің сипатын ашу.

Зерттеу жұмысының материалдары. Диссертацияда пайдаланылған материалдар әр түрлі сөздіктерден (І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі», Х. Қожахметованың «Қазақша – орысша фразеологиялық сөздігі»), көркем әдеби шығармалардан, халық ауыз әдебиеті үлгілерінен, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерден, т.б. алынды. Фразалық антонимдер сөздігінен де алынған мысалдар еңбекте пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының әдістері. Зерттеуде салыстыру, талдау, жинақтау әдістері қолданылды. Жұмысты жазу барысында бірқатар лексикологтардың еңбектері, сөздіктер мен көркем әдеби шығармалардан жинақтаған материалдар пайдаланылды. Диссертацияда 300-дей антонимдес тұрақты сөз тіркестері, 100 шақты осындай сипаттағы мақал-мәтелдің тілдік табиғатына талдау жасалынды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Зерттеу жұмысында қазіргі қазақ тіліндегі антонимдес тұрақты сөз тіркестерінің жалпы жүйесі жан-жақты қарастырылып, сараланып отыр. Антонимдес тұрақты сөз тіркестерінің құрылымдық ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан айқындалып отыр. Олардың құрамындағы сөздердің лексика-семантикалық құрылымына талдау жүргізіліп, мән-мағынасы ашылды. Еңбекте бұдан басқа алғыс және қарғыс мәнді сөздердің антонимдік сипаттарын ашып, талдау жасалды. Сондай-ақ мақал-мәтелдердің бір-

біріне карама-қарсы мәнде қолданылуына байланысты тын тұжырымдар ұсынылды.

Тұрақты сөз тіркестерінің стильдік құбылыстары арқылы олардың сапалық-бағалық сипатта болатындығы туралы сөз етілді. Сонымен қатар, қазақ тіл білімі фразеология саласында тұрақты сөз тіркестерінің антонимдік табиғатын айқындап, ғылыми ортаға танытуға, олардың жасалу, калыптасу заңдылықтарын саралап, тілдегі атқаратын қызметі мен қолданыс аясын айқындауға тырыстық.

Зерттеу жұмысының нәтижесінің нақтылығы, дәлдігі, дәлелденуі. Қазіргі қазақ тіліндегі антонимдес тұрақты сөз тіркестерінің зерттелуінде нақты белгілі бір көркем әдеби шығармалардан алынған мысалдар негізінде жұмыстың мәнділігін ашу және жан-жақты тұжырым, талдау жасау. Ғалымдар тарапынан тұжырымдалған пайымдауларға сүйене отырып, олардың жасалу жолдарын, қолданысын дәлелдей түсу.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңызы. Қазіргі қазақ тіліндегі антонимдес тұрақты сөз тіркестерін зерттеу, оның тілдік құбылыс ретінде ерекшеліктерін ашып көрсету – қазақ фразеологиясы үшін маңызды мәселе болып табылады.

Антонимдес тұрақты сөз тіркестерді ауқымды талдап зерттеу, тек қазақ тіл білімінде ғана емес, жалпы түркологияда маңызды болмақ. Зерттеу жұмысының нәтижелерін жоғары оқу орындарында өтетін «Қазіргі қазақ тілі» курсының лексикология, фразеология, «Тіл білімі» пәндері бойынша оқылатын дәрістерде қосымша материал ретінде пайдалануға болады. Сол сықылды таяу болашақта жасалатын фразалық антонимдер сөздігін құрастыру ісінде де, өз пайдасын тигізері сөзсіз.

Корғауға ұсынылатын тұжырымдар.

- Зерттеу барысында жинақталған антонимдес тұрақты сөз тіркестерін

жан-жақты қарастыра отырып, оларды тақырыптық, мағыналық топтарға жіктеу:

- Антонимдес тұрақты сөз тіркестердің лексика – семантикалық сипаттарын анықтау;
- Антонимдес тұрақты сөз тіркестерінің этнолингвистикалық сипаттарын ашу, олардың халықтың салт –дәстүрлерімен, әдет-ғұрпымен, ұғым-сүсінігіне, тыныс-тіршілігімен байланысын ашу;
- Антонимдес тұрақты сөз тіркестерін тілдік – стильдік тұрғыдан қарастыру, оның әдеби тілдің дамуына тигізетін әсерін көрсету.

Зерттеу жұмысының талқылануы мен жарияланымы. Аталмыш жұмыс Павлодар университетінің “Журналистика және қазақ филологиясы” кафедрасында кафедра талқылаудан өтті. Зерттеу нәтижелері Тараз қаласы Халықаралық ғылыми конференциясына “Антонимдес тұрақы сөз тіркестері” атты мақала жіберілді, сондай-ақ Павлодар университетінің “Вестник” журналына “Қарсы мағыналас етістікті фразеологизмдер” атты мақала жіберілді. Ғылыми жинақтарда бес мақала жарық көрді.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация кіріспеден, екі тараудан, әр тарау бойынша берілген тұжырымдардан, қорытындыдан және сөздіктен, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

І ТАРАУ. ФРАЗЕОЛОГИЗМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Фразеологизмдердің тіл білімінде алатын орны ерекше. Әр түрлі, әр дәрежедегі зерттеулер мен ізденістер жалпы фразеология туралы түрлі көзқарастардың тууына алып келді. Соның нәтижесінде әркім фразеологизмдерді өзінше топтастырып, олардың сипаты мен құрылымдық ерекшеліктерін ашып көрсетті. Қаншама еңбектер жазылып, фразеологияның небір қызықты мәселелері біртіндеп шешімін тауып, дәлелденіп келе жатқанымен де, әлі де даулы мәселелер толастар емес.

Жалпы фразеологияны қай тұрғыда қарастыру жөнінде ғалымдар карама-қайшы пікірлер ұстанады. Көбінесе ғалымдар фразеологияны біртұтас тіл құрамында өз заңдылықтары бар, өзінше өмір сүретін бөлек категория яғни фразеологизмдерді лексикология, фонетика, грамматика сияқты өз алдына жеке сала ретінде зерттеу керек деп қарайды. Өйткені фразеологизмдердің өзіне тән лексикалық мәні, компоненттік құрамы, грамматикалық категорияларының түрі болады [1.40]. Ал кейбір ғалымдар бұл пікірге қарсы дау айтады. Олардың пікірінше, фразеологизмдер тек лексикология саласында қаралуы тиіс.

Фразеологизмдер тіліміздің бөлінбес бір бөлшегі. Олардың өздеріне тән тұлғалық, тұрақтылық және стильдік ерекшеліктері бар. «Қай тілде болмасын көкейге қонымды, көркем, образды алуан түрлі тұрақты сөз тіркестері жиі кездеседі», - дейді І. Кенесбаев. Шындығында да қай тілдің болмасын тіл байлығы сол тілдің фразеологизмдерінің негізіне құрылған сияқты. Өйткені фразеология тілдегі идиома, фраза, макал-мәтелдер, т.б. құбылыстарды тұтас алып тексеретін ғылым болып саналады. Ал бұлардың тегінде бір ұлттық тарихы, ұлттық қасиеті жатады.

Тіл-тілде фразеологияға жататын барлық тіркестердің ортақ атауы ретінде «фразеологиялық бірлік» «фразеологизм» немесе «тұрақты сөз

тіркестері» деген атаулар жиі қолданылып жүр. Қазақ ғалымдарының арасында бұл терминдерді құптайтындар бар. Айталық М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаев, т.б.

Антонимиядағы зерттеушілер назарынан тыс қалып келе жатқан тағы бір мәселе – фразалық антонимдер жайы. Антонимдік мағына тек бір-біріне қарама-қарсы мағыналас екі сөз арқылы ана беріле ме, болмаса оны сөз тіркестері арқылы да беруге бола ма деген мәселе күні бүгінге дейін өз шешімін таба алмай келеді.

Шындығында антонимия стиль тарапынан тек лексикалық құбылыс емес, ол фразеологияны да қамтиды. Өйткені фразеологизмдер көбінесе сапалық-бағалық сипатта болады. Сондықтан көптеген идиомдар мен фразалар бір-біріне қарсы мағыналас болып келе береді. Алайда лингвистикалық еңбектердің басым көпшілігінде сөз тіркестері арасындағы антонимдік мағына туралы фразалық антонимдер де болады деп жол-жөнекей атап өтумен шектелушілік қана бар.

Жалпы түркологияда фразеологиялық антонимдер жөнінде жинақталған пікірлер мен тұжырымдар баршылық. Мәселен, өзбек тіліндегі фразеологизмнің семантикасын қарастырушы ғалым Рахматуллаев Ш. «Антонимами признаются две языковые единицы, имеющие как противоположные значение, так и разные звучание. При фразеологической антонимии «разные звучание» определяется исходя из слов – компонентов и их грамматического оформления» - дей келіп, өзбек тіліндегі фразеологиялық антонимдердің мына түрлерін көрсетеді: лексикалық антоним, фразеологиялық антоним, лексика-фразеологиялық антонимдер [10. 72.].

Башқұрт тіліндегі фразеологиялық антонимдерді З.Г. Ураксин, қарама-қарсылықтың берілу тәсіліне қарай үш түрге бөледі:

1. Семантикалық мағынасы қарама-қарсы әр түрлі бірліктегі антонимдер;

2. Фразеологизмдердің структурасын өзгерту негізінде пайда болатын антонимдер;

3. Антонимдік мағына фразалық тіркес компоненттерін түгел қамтитын антонимдер [25. 89.].

«Біртексті сапалық ұғымдарды білдіретін, қарама-қарсылықты мәні жағынан өзара тепе-тең, тілде үнемі бір-біріне қарама-қарсы мағынада қолданылып қалыптасқан сөздер антоним деп аталады», - дейді Ж. Мусин [16. 52.].

Орыс тіліндегі фразалық антонимдер туралы біршама пікір айтқан зерттеушілердің бірі – М.И. Сидоренко. Рас ол өзінің осы тақырыпқа арналған шағын мақаласында фразалық антонимдерді жан-жақты қамтып ғылыми талдау жасау мүмкін еместігін айта келіп, орыс тіліндегі фразалық антонимдердің негізгі белгілерін атап өтумен ғана шектеледі. Бірақ ол фразалық тіркестердің неліктен, қандай жолмен антонимдік мағынаға ие болатындығы туралы жартымды ештеңе айтпайды. Бұдан басқа М.И.Фомина да өзінің фразалық антонимдердің функционалдық-стилистикалық ролі жағынан ұқсастығы бар екендігі жөнінде сөз етеді [28 337].

II. АНТОНИМДЕС ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

«Идиом да, фраза да – белгілі сөз тізбектері: идиом тобындағы сөздер өзінің жеке тұрғандағы мағынасынан айырылып қалады да, өзара жымдасып, бір ғана негізгі лексикалық ұғым береді» [9.587.]. Ресейлік, академик В.В. Виноградов та осыған орайлас пікір айтады. Егер «қырық пышақ болу» дегенді қырқысу, «су жүрек» дегенді қорқақ, «кас пен көздің арасында» дегенді лезде деп түсінетініміз рас болса, жоғарыдағы пікірдің дұрыстығына күмәндануға болмайды.

Екіншіден, фразалық тіркестер көбінесе астарлы бейнелі мағынада қолданылады да, олардың мәнерлеп бейнелеуші қызметі күшті болады.

Фразалардың көпшілігінің эмоциялық бояуы басым болып, айрықша образды, экспрессивті қызмет атқарады. Мысалы, фразалық тіркестердің біркатары адамның мінез - құлқына берілген баға іспетті болып келеді, яғни сапалық-бағалық сипатта болады. Мысалы: *мұрттынан күлу, ұнжырғасы түсу, тауы қайту, жұлдызы оңынан туу*.

Бұл тектес фразалық тіркестерден адамның әркімнің көңіл-күйіне яки қимыл-әрекетіне, ісіне байланысты бейнелеу мәнінде берілген бағаны аңғартуға болады.

Кейбір фразалық тіркестер уақытқа, орынға, іс-әрекеттің, қимылдың жүру қарқынына берілген баға іспетті болып келеді: *қаспен көздің арасында, қызыл іңірден, ит өлген жер, иек астында, әудем жер, қыз көзі қырау, құрдай жорғалады, жан таласты т.б.*

Сөйтіп, идиомдар мен фразалар «бір ғана лексикалық ұғымды» білдіреді екен. Астарлы образды болып келіп, мәнерлеп бейнелеуші қасиеті болады екен, мазмұны жағынан сапалық-бағалық сипатта болады екен. Демек, бұлар да сапалық ұғымдарды білдіре алады екен. Олай болса, лексикалық құбылыс болып табылатын антонимдік қатынас бұларға да тән екені күмәнсіз.

Рас, фразалық антонимдер лексикалық антонимдер сияқты сапалық ұғымдарды білдіргенімен, олардан антонимдердің критерийлерінің бәрі бірдей табыла бермейді. Мысалы, олардың лексикалық антонимдер сияқты қарама-қарсылықты мәні жағынан тепе-тең болып келуі, немесе тілде үнемі бір-біріне қарсы мағына жұмсалып қалыптасуы т.б. шарт емес. Мұның бәрі фразалық антонимдердің тек белгілі орайда, нақтылы контексте ғана бір-біріне қарама-қарсы мағынада жұмсалып, антонимдік қатынасқа түсетінін аңғартады.

Антонимдік қатынасқа түсу үшін:

1. Фразалық тіркестердің бір немесе екі компоненті тіркестен тыс жеке алғанда өзара қарсы мағыналас сөздер болу керек. Мысалы: *іріткі салу – ұйытқы болу, бейнет көру – рахатқа бату, жақсатты көріну – жаманатты болу, күн бата – күн шыға т.б.*

Мұндағы, іріткі – ұйытқы, бейнет – рахат, жаксат- жаманат, бату – шығу дегендер тіркестен тыс жеке алғанда өзара қарсы мағыналас сөздер ретінде антонимдік жұп құрайды. Фразалық тіркестердің құрамына кіргенде де ондай сөздердің көпшілігі сол антонимдік мағынаны өз бойында сақтап қалады. Егер ондай сөздер тіркеске желі болса, онда фразалық тіркестер тұтас алғанда бір-біріне қарсы мағыналас болып шығады. Келтірілген мысалдарда іріткі, ұйытқы, бейнет, рахат т.б. сөздер өздерінің лексикалық мәні жағынан айрықша көзге түсіп, сол өздері компоненті болып табылатын тіркестердің негізгі желісі ретінде көрінеді.

2. Антонимдік жұп құрайтын фразалық тіркестерде мағынаға өзек боларлық бір сөз қайталанып келіп отырады. Мысалы: *баға тайды-бақ қонды, орнын сипады – орнынан басты, есіне түсірді – есінен шығарды, тілі байланды-тілге келді, қоян жүрек-жүрек жұтқан, ант ішті-ант бұзды, бас ұрды - бас имеді т.б.*

Бұл типтес фразалық тіркестерде ойға тірек ұйтқы боларлық бір сөз болады да, ол антонимдік тіркестерде қайталанып келеді. Тіркесте айтылатын ой негізінде сол тірек сөз атауы болған зат немесе құбылыс жайында болады. Фразалық антоним құрайтын тіркестер осы зат немесе құбылыстың кейде сапаның екі түрлі күйін білдіреді.

Бірақ мұнда тіркестің басқа компоненттері де қалыс қалмайды. Антонимдік мағына жасауда олар да елеулі рөл атқарады. Мысалы, *баға тайды-бақ қонды* деген тіркесте *бақ* тірек сөз болғанда, әңгіме осы бақтың екі түрлі күйі туралы болып отыр. Ал тіркестердің басқа компоненттері туралы мынаны айтуға болады: **тайды** деген сөз **ұшты, ұшып кетті** деген мағынада қолданылып, **қонды** деген сөзбен антонимдес болады. Сөйтіп, жаңағы бақтың екі түрлі күйін айқындай түсіп тұр. Сол сияқты **орнын сипады – орнынан басты** дегенде, **орын** - тірек сөз. Ал **сипады** деген сөз **таба алмады, басты** деген сөз **тапты** деген мағынада қолданылып тұр. Бұл жағынан алғанда **сипады – басты** дегендер қарсы мағыналас болады.

Сөйтіп, тіркестегі антонимдік мағынаның айқындала түсуіне себепші болады.

3. Антонимдік мағына фразалық тіркестердің компоненттерін түгел камту керек. Мысалы: *Тізе бұғу-бас имеу, еңменімен итеру-бауырына тарту, ынданы кепкен-бейлі тоқ, үміт ұзу-дәме ету, қырына алды-мейірі түсті, қой ауызынан иөп алмас-өпер бақан ұр да жық, құйрық тістесу-тезегін теру, ит өлген жер-иек астында.*

Бұл фразалық антонимдердің ішінде ең көп ұшырасатын түрі. Мұнда тіркестен тыс жеке алғанда өзара қарсы мағыналас болатын сөздерде, сондай-ақ қайталанып келіп, тіркестерге ұйтқы, тірек боларлық сөздер де жоқ. Бұлардағы мағына карама-қарсылығы тіркестің компоненттерінің тұтасып кіріккен бірлігінде, яғни фразаның өн бойында болады. Бұлардағы антонимдік мағына тіркесті тұтас алғанда ғана аңғарылады. Фразалық антонимдердің бұл түрінің кейбір зерттеушілер назарынан тыс калуы да содан. Мәселен, А.И.Молотков антонимдік жұп құрайтын тіркестердің компоненттері мағыналық жағынан бір-біріне тепе-тең болу керек, басқаша айтқанда, бір немесе екі компоненті жеке алғанда өзара қарсы мағыналас болуы тиіс (іріткі салу-ұйытқы болу) немесе тіркестерге мағыналық өзек, тірек боларлық бір сөз қайталанып келуі қажет (бағы тайды-бақ қонды) дейді. Сөйтіп ол тұтас алғанда компоненттерінің мағынасы бір-біріне түгелдей карама-қарсы болатын фразалық антонимдерді мүлде ескермейді. Шындығында, тіліміздегі фразалық антонимдерді басым көпшілігі нақ осы әдіс бойынша жасалып қалыптасқан. Фразалық антонимдердің мұндай түрі орыс тілінде де кездеседі.

Фразалық антонимдердің семантикалық ерекшеліктері тураылы сөз еткенде тағы бір ескеретін жай мына сияқты:

1. Жеке сөздер сияқты кейбір фразалық тіркестер де көп мағыналы болып келеді. Фразалық тіркестре антонимдік жұп құрағанда олардың мағыналарының бір ғана антонимдік мәнде керінеді.

Мәселен, **жанын жалдау** деген тіркес мынадай мағыналарды білдіреді: а) өтірік айту, алдау; ә) ептеп-септеп күн көру, тіршілік ету. Бұл тіркес **ағынан жарылу** деген тіркеске мағыналас болғанда, осы екі мағынаның алғашқысында (алдау) қолданылады. Сол сияқты, **күйіп-жанды** деген тіркес қызуы көтеріліп, қатты ауырды және асып - састы, әбігерленді деген мағыналарды білдіреді. Бұл тіркес соңғы мағынада (әбігерленді) қолданылып, **селт етпеді** деген тіркеске антонимдес болады. 2. Тіліміздегі мағыналары жағынан бір-біріне жақы, синонимдес фразалық тіркестер де кездеседі. Лексикалық антонимдер сияқты бұлар да өзара жұптасып антонимдес болады.

- | | |
|--------------------------|-------------------------|
| 1. Су жүрек | жүрек жұтқан, |
| Қоян жүрек | жүрегінің түгі бар; |
| 2. Шашбауын көтеру | іргесін аулақ салу, |
| Жыртысын жырту | күйрығын сыртқа салу, |
| Сойылын соғу | сырт беру; |
| 3. Сағы сынды | мейірі үстем болды, |
| Жығасы жығылды | мандайы жарқырады, |
| | Жолы болды; |
| 4. Кежегесі кейін тартты | жанын салды, |
| Мойыны жар бермеді | еңсесін салды; |
| 5. Көзі ашылды | соры қайнады, |
| Соры арылды | бағы күйді; |
| 6. Көкірегін көтерді | үнжырғасы түсті, |
| Кеудесіне нан пісті | салы суға кетті, |
| | мойнына су құйылды т.б. |

Сөйтіп, лексикалық антонимдер сияқты фразалық антонимдер де полисемия, синонимия құбылыстарымен қат –қабат байланыста болады екен.

Тілімізде антонимдерге құрылған фразалық тіркестер жиі кездеседі. Олар мақал-мәтелдерге өте ұқсас болып келіп, солармен ұштасып жатады.

Мысалы: іші залым, сырты абыз; төсі жайлау, төбесі қыстау; бетегеден биік, жусаннан аласа; басы қату, аяғы тату; алты аласы, бес бересі /жөк/; бір ұрты май, бір ұрты қан; отпен кіріп, күлмен шығу; күле кіріп, күнірене шығу; отырсаң опак, тұрсаң сопак; отырсаң басқа, тұрсаң аяққа ұрады; ұзында өшті, қысқада кекті; апы кіріп, күпі шығып; қорлық өмірден ерлік өлім /артық/ т.б.

Тілдік фактілер мағына карама-қарсылығы лексикалық немесе фразалық антонимдермен шектелмейтінін аңғартады. Тілімізде жеке тұрғанда антоним бола алмайтын сөздер де қолданылу ретіне қарай бір-біріне қарсы мағынада жұмсала береді. Ондай сөздердегі мағына карама-қарсылығы көбінесе контекске телулі болады, басқаша айтқанда, ондай антонимдер сөз мағынасының әртүрлі қырынан көрінуіне, сөздің стильдік мүмкіншілігіне байланысты болады. Сондықтан оларды лексикалық немесе фразалық антонимдерден бөлек стильдік /немесе контекстік/ антонимдер деп атаған дұрыс.

2.1. Антонимдес тұрақты сөз тіркестерінің сипаты

Фразеологизмдер мән-мағынасы жағынан бір-біріне үйлес келіп, өзара бір-бірімен синоним болып жұмсалатындығы сияқты бұлар мән-мағынасы жағынан карама-қарсы болып та қолданыла береді. Тұрақты тіркестердің арасындағы осындай кереғар құбылыстарды фразеологиялық антонимдер деп атауға болады. Қазақ тіліндегі фразеологиялық антонимдер негізінен екі түрлі болып кездеседі. Мұның бірінші түрі тұрақты тіркестердің өз ішіндегі компоненттерін басқа сөздермен алмастыру арқылы жасалады. Мысалы: аты шықты – аты өшті, ат ізін салмады – ат ізін құрғатпады, ашық мінез – тұйық мінез, әлі кірді – әлі кетті, бақ қонды – бағы тайды, беделі артты – беделі түсті, бетінен оты шықты – беті бүлк етпеді, бұл дүние – о дүние, ер жүрек – қоян жүрек, есіне түсті – есінен шықты, жүрек жұтқан – су жүрек, жолына гүл бітсін – жолына жуа шыксын, май қап – тас қап, көзі тірі – көзі жоқ, қисыны келді – қисыны кетті, есік көрген – бесік көрген, мінер жак – камшылар жак.

сертке жетті – серттен тайды, сокқы жеді – сокқы берді, сыр алдырды – сыр бермеді, үміт етті – үмітін үзді, іске алғысыз – іске татыр, оң бата – теріс бата, ақ жүрек – кара жүрек, аузы берік – аузы ашық, аузы жеңіл – аузы ауыр, жас ет – сұр ет, күні туды – күні өтті, еңбегі жанды – еңбегі еш болды, көзіңнің оты өшсін – көзіңнің шырағы жансын, т.б. Фразеологиялық антонимдердің екінші түрі құрылым-құрылысы жағынан да, құрамы жағынан да мүлдем басқа сөздер болып кездеседі. Мысалы: соры сорпадай қайнады – көзі ашылды, шөлі қанды – қаны кепті, өркенін өскір – желкең қиылғыр, сабыр етті – деңбірі қалмады, салт басты – үйлі-баранды, оң жақ (босаға) – жат есік, еңкейген шал – еңбектеген бала, өлі сүйек – еті тірі, аузына май – жағың қарыссын, айы оңынан туды – жолы болмады, еңбегі қатпаған – тісі шыққан, өркенін өссін – жүрімің үзілгір, ақ ниет – арам ой, араны ашылды – төбеті тартпады, әу баста – ақыр соңында, жанын салды – бой тартты, көңіл бөлді – мән бермеді, мойны босады – қолы тимеді, отпен кіріп, күлмен шықты – бұта басын сындырмады, таң атты – күн батты, ұйқысы қанды – көз ілмеді, іш тартты – іргесін аулақ салды, бөк мұрын – қатқан тұяқ, қырғи қабақ – арасынан қыл өтпейді, ауыз жаласты – ат күйрығын кесісті, аузы аузына жұкпады – аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсті, бауыр басты – жат бауыр болды, өлі аруақ – тірі жан, кара қазан – қолы ашық, ала қол – кара қылды қак жарған, т.б. Қазақ тілі фразеологиялық синонимдерге қандай бай болса, фразеологиялық антонимдерге де соншалықты кедей еместігі байқалады. Мұнын бұлай болуы тілдегі сан алуан стильдік сөз қолданыстарымен тығыз байланыстылығында деп түсінген жөн [5. 116-117].

Мағыналары карама-қарсы сөздер – антонимдер дегендер де акын дйттеген поэтикалық қызметті атқара алатын құралдарының бірі. Абай мұны да қалт жібермейді [23. 88]. Абай өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, достық пен қастық, білім мен надандық сияқты өмірге көзқарасын философиялық ой түйінін білдіреді. Бұндай карама-қарсы ұғымдардың тілдегі көрінісі – антонимдер болса, акын оларды бір өлеңде

немесе өлеңнің бір шумағында, кейде тіпті бір жолында қатар келтіріп, сол арқылы айтпак идеясына поэтикалық өң береді. Мысалы, Ішім өлген, сыртым сау, Көрінгенге деймін-ау. Бүгінгі дос – ертең жау, Мен не қылдым, япырмау – дегендегі айтпағы – қайшылығы мол өмір, сол қайшылықты тудыратын құбылыстың бірі – адамдардың тұрақсыздығы болса, осыны білдіруде іш-сырт, өлген-сау, бүгінгі-ертең, дос-жау деген төрт жұп антонимді қолданған.

Абайда тілдік антонимдерден қатар, контекстік антонимдер де жиі кездеседі. Мысалы, Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар дегенінде тасыр мен талапты сөздері қарсы мәнді образдар және олар антонимдік сипатқа тек осы контексте ие болып тұр, әйтпесе тасыр сөзінің лексикалық мағынасы «есер, алаңғасар, тасырлаған адам» дегендер болса, бұл контексте тасыр сөзі «еш нәрсеге талпынысы, ынтасы жоқ» деген мағынада жұмсалып, талапты сөзінің антонимі болып тұр. Сол сияқты: Надан жөндіге жөн келмей, Білер қайдағы шәрғезді – деген өлең жолдарындағы шәрғез деген сирек қолданылатын сөздің Абай берген мағынасын оның осы контексте жөнді сөзіне антоним ретінде қолданылуына қарап айтуға болады: бұл жердегі шәрғез – «шөлкес, жеңсіз». Әрине, Абай тіліндегі антонимдер сан жағынан синонимдерге қарағанда әлдеқайда кем, бірақ олардың белгілі мақсатпен қолданысы жағынан уәжділігі өте айқын көрінеді.

2.2. Қарсы мағыналас етістікті фразеологизмдер

Қазақ тілінде көбінесе есім сөздер, оның ішінде сапалық ұғымды білдіретін сөздер қарсы мәнде жиі айтылады. Оған М. Оразовтың пікірі дәлел: «Антонимдік қатарға көбінше қолданылатын сын есімдер, одан соң үстеулер, кейінгі орындарда етістіктер мен зат есімдер» [18. 147].

Тек сапалық ұғымдардағы карама-қарсылық негізінде антонимге анықтама беру жөн емес. Тіліміздегі етістікті фразеологизмдердің де бір

шамасы карама-карсылық ұғымды білдіре алады. Мысалы: құлақ құрышын кандыру ↔ құлақ құрышын жеу; құлшына кірісу ↔ кежегесі кейін тарту; құрығына іліну ↔ құрығынан құтылу; тіл-жағына сүйену ↔ тіл-жағы байлану т.б.

Сонымен, бірін-бірі жоққа шығармай, қарсы мәнде айтылатын фразеологизмдерді фразеологиялық антонимдер деп танымыз. Сондықтан да тіліміздегі антонимдес етістікті фразеологизмдер молынан кездеседі.

Фразеологизмдердегі карама-қарсы ұғымдардың берілу жолдарын сөз еткенде, бір құбылысты әр зерттеуші әр түрліше түсіндіретіндігін байқауға болады. Мысалы: бағы таюу ↔ бағы қону тіркестеріндегі карама-қарсылықтың берілу жолын Ж. Мусин «антоним жұп құрайтын фразалық тіркесте мағынаға өзек боларлық бір сөз қайталанып келіп отырады» - деп түсіндіреді [16. 70]. Ә. Болғанбаев «Тұрақты тіркестердің өз ішіндегі компоненттерді басқадай сөздермен алмастыру» арқылы жасалған дегенді айтады [5. 113].

Бұл тіркестегі карама-қарсылық «бақ» сөзінің қайталануы немесе «жай ауыстыру» нәтижелерінде емес, бір сыңардың антонимдес болуы нәтижесінде беріліп тұр. «Сөз беру ↔ сөз алу» тіркестерін алайық. Карама-қарсылық «сөз» сөзінің қайталануынан емес «алу», «беру» сөздерінің жеке тұрғандағы карама-қарсы мағынасынан шығады. Мұндай жағдайды бір сыңары ортақ (қайталанатын), екінші сыңары қарсы мәнді әр түрлі сөздермен келетін антонимдес етістікті фразеологизмдер деп атауға болады. Бұл топтағы антонимдес етістікті фразеологизмдердің ерекшелігі карама-қарсылықты дәл, нақты беруінде. Мысалы: шырағы жану ↔ шырағы сөну, бейілі кеңу ↔ бейілі тарылу, еңсесі түсу ↔ еңсесі көтерілу т.б.

Мысалдардан байқайтынымыз: карама-қарсы ұғымды осы топтағы етістікті фразеологизмдер дәлірек, нақтырақ береді, оның себебі фразеологизмдер құрамындағы соңғы компоненттердің жеке тұрғанда да антонимдес болуы: жанды – сөнді; кеңіді – тарылды; түсті – көтерілді.

Етістікті фразеологизмнің компоненттерінің біреуі жеке тұрғанда карама-қарсы ұғымды білдіріп, тіркес құрамына енгенде де сол қалпын сақтау екі компонент етістікті фразеологизмге тән. Сондықтан кейде бірінші компонент антонимдес (бейнет көру ↔ рахат көру), кейде екінші компонент антонимдес (күн шығу ↔ күн бату) келеді. Құрамындағы сыңарлардың ешқайсысы қарсы мәнде айтылмаса да, карама-қарсылықты білдіретін етістікті фразеологизмдер жиі кездеседі: бармағын бүгіп қалу ↔ шегінің қырындысына дейін айту ↔ ағынан жарылу; итаяқтан сары су ішкізу ↔ аузынан ақ май ағызу; ит жеместі жесісу ↔ ауыз жаласу т.б. Бұл тіркестердегі карама-қарсылық ұғым компоненттерден емес, бүкіл тіркес бойынан танылып тұр. Сондықтан да ол соншалықты дәл емес, карама-қарсылық тепе-теңдігі сақталмайды. Осы топтағы қабырғасы қайысу ↔ жүрегі жарыла қуану; қабырғасы қайысу ↔ бөркін аспанға лақтыру түрінде де контекске сай өзгеріп отыруы ықтимал. Антонимдес етістікті фразеологизмдердің осы ерекшелігіне сәйкес оларды карама-қарсылық ұғымды жуықтап көрсететін фразеологизмдер деп топтастыруға болатын сияқты. Олар, негізінен, үнемі бір-біріне карама-қарсылықтың бірде дәл, бірде жуықтап берілуінің себебі карама-қарсылықтың берілу тәсілінде. Осы фактілерге сүйене отырып, антонимдес етістікті фразеологизм жасаудың мынандай жолдарын көрсетуге болады:

1. Компоненттердің біреуі карама-қарсы ұғымда айтылуы негізінде жасалады.

2. Компоненттердің мағыналық жиынтығынан туындайтын карама-қарсылық негізінде жасалады.

Байқалатын ерекшеліктің бірі антонимдік құбылыс фразеологиялық тізбектерде жиірек кездеседі әрі карама-қарсылық салмағы тең әрі дәл, ал бұл құбылыс бірлік пен тұтастықтарға тән, бірақ мағына тұтастығы берік болған сайын, антонимдік жұптың дәлдігі солғындайды.

Антонимия құбылысы көп мағыналы етістікті фразеологизмдердің әр мағынасы арасында да кездеседі. Мысалы:

1) Көп мағыналы етістікті фразеологизмнің мағынасы келесі көп мағыналы етістікті фразеологизмнің мағыналарымен антонимдес болады.

Есін жинау: 1. есі кірді; 2. өз-өзіне келді.

Есінен адасу: 1. есінен тану; 2. есі ауысты.

Бірінші тіркестегі бірінші мағына мен екінші тіркестегі бірінші мағына антонимдес, екінші мағыналар да жайы осындай, яғни: есі кірді – есінен танды; өз-өзіне келді – есі ауысты.

2) Көп мағыналы етістікті фразеологизмнің әр мағынасы бір мағыналы етістік фразеологизммен антонимдес бола алады.

Жөніне көшу: 1. дұрыс жолға түсті;

2. жайына отырды.

Бірінші мағынадағы «дұрыс жолға түсу» тіркесі – жолдан таю етістікті фразеологизммен, екінші мағынадағы «жайына отыру» тіркесі «құйысқанға қыстырылу» тіркесімен антонимдес.

Антоним мен синоним — семантикалық категориялар. Бірі мағынадағы қарама-қарсылықты, екіншісі мағына жуықтығын білдіргеніне қарамастан белгілі дәрежеде байланысқа түседі, бір етістікті фразеологизмдердің бірнеше антоним болса, соңғылары бір-бірімен синонимдес болады, синонимдік қатар түзеді: көз шырымын алу ↔ көрер танды көзімен атыру → түн ұйқысы төртке бөліну → ұйқысы шайдай ашылу → кірпік айқастырмау. Мысалдар:

Сол жерде бірдене ғып көз шырымын алармын. Алайда апамның түн ұйқысының төртке бөлініп жататындығын жатқа білем (С. Мұратбеков). Түн бойы от жағып қыз-келіншек кірпік қақпай мал күзетті(Х. Есенжанов).

«Сөздерді антонимдік қатарға енгізгенде еске алатын нәрсе – сөздердің лексика-семантикалық сипаты. Антонимдер бір сөз табына енетін сөздер аралығында болады да, бір лексика-семантикалық топтың құрамында өмір сүреді», - дейді М. Оразов [18. 147.] Осы пікір етістікті фразеологизмдерге де қатысты. Сонымен, етістікті фразеологизмдердегі антонимия құбылысы бір лексика-семантикалық топ ішінде өрістейді.

Мысалды етістікті фразеологизмдердің лексика-семантикалық тобынан іздейміз.

Ойлау етістікті фразеологизмдері: тәуекелге бел байлау ↔ екі оқты болу; он ойланып, тоғыз толғану ↔ қаперіне кіріп шықпау т.б.

Қарым-қатынас етістікті фразеологизмдері: ауыз жаласу ↔ кырық пышак болу; айтқанын екі етпеу ↔ сөзін аяқ асты ету; бойын аулақ салу ↔ майлы күйеше жабысу т.б.

Сөйлеу етістікті фразеологизмдері: аузын бағу ↔ аузынан қағыну; құлақ құрышын қандыру ↔ құлақ құрышын жеу; сөздің майын тамызу ↔ сөзді жүндей сабау т.б.

Көңіл-күй етістікті фразеологизмдері: күрең қабақ болу ↔ қабағы шайдай ашылу; көңілі көтерілу ↔ көңілі су сепкендей басылу т.б.

Тіліміздегі болымсыздық пен қарама-қарсылық мағына арасындағы мәселе әлі күнге шешімін таба алмай келеді. Қазақ тілі біліміндегі пікірлер де бір жерде тоғыспайды. Ә. Болғанбаев «- сыз, - сіз қосымшалары арқылы жасалған сөздерді антонимдік жұп құрайды» деп қарайды [4. 66].

М. Оразов - сыз, - сіз жұрнағы арқылы жасалған туынды түбірлес сөздерді антоним деп, « ...барды-бармады антоним бола алмайды», олар «екі сөз емес, бір сөздің екі түрлі тұлғасы» деген пікір айтады [18. 144-145].

Ж. Мусин де болымсыздық тудыратын жұрнактар қарама-қарсы ұғым тудырады деп есептемейді [16. 21-22.]. Шынында да бұл авторлардың пікірлерін құптамасқа болмайды. Себебі, ат ізін салу (қатыса бастады, келді) әрекет бар; ат ізін салмау (қатыспады, келмеді) әрекет жоқ; ендеше қарама-қарсы ұғым да жоқ деп есептейміз. Антонимия құбылысы бірін-бірі жоққа шығаруға емес, қарама-қарсы қоюға негізделген, екіншіден, қарама-қарсылық бір жакты болмайды, екі жакты болады, үшіншіден, қарама-қарсылық салыстырмалы қасиетке ие болады да, сондықтан қарама-қарсылықты білдіруге қатысатын жұптар бірін-бірі жоққа шығармай, бірін-бірі қарсылыққа шақырып отыруға тиіс.

Етістікті фразеологизмдердің кез келгені етістіктің болымсыз формасын (- ма, - ме) қабылдай бермейді. Мысалы: тауы қайту, мойнына су құйылу, төбе шашы тік тұру, екі езуі екі құлағына жету, құйрық тістесіп келу, т.б. Ал енді бір тобы болымсыз формада айтылғанымен, іс әрекетті көрсетеді, болымдылықты көрсетеді және олардың антонимдік жұбы болымды формада айтылады, мәселен, қуанышы қойнына сыймау, төбесі көкке екі елі жетпеу ↔ төбе шашы тік тұру; аузы – аузына тимеу ↔ аузынан сөзі түсу.

Қарсы мағыналы етістікті фразеологизмдердің құрылысы біркелкі емес, сондықтан оларды құрылысына қарай екі топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Біртектес құрылымды антонимдес етістікті фразеологизмдер.
2. Әртектес құрылымды антонимдес етістікті фразеологизмдер.

Құрылысы біртектес антонимдес етістікті фразеологизмдерге грамматикалық құрылымы бірдей фразеологизмдерді жатқызамыз. Мысалы: ауыз ашпау ↔ ауыз жаппау; ақысын жеу ↔ ақысын беру; бағы ашылу ↔ бағы байлану; беделі арту ↔ беделі түсу; берекесі кету ↔ берекесі кіру.

Құрылысы әртектес антонимдес етістікті фразеологизмдерге грамматикалық құрылымы бірдей фразеологизмдерді жатқызамыз. Мысалы: ішін жылан жайлау ↔ ішіне ел қону; көмейі бүлкілмеу ↔ көмейіне тас тығылу; жер көкке сыйғызбау ↔ істен алғысыз ету; сөзіне тұрмау ↔ сөзіне берік болу, т.б.

Құрылысы әртектес антоним етістікті фразеологизмдердің қарама-қарсылықты білдіру дәрежесі алғашқы топтағыларға қарағанда солғын, бірақ олар контекске «жандана» түсетін тәрізді.

Антонимдес етістікті фразеологиялық тіркестердің құрамына назар аударғанымызда олардың екі және көп компонентті болып келетінін байқадық. Антонимдес етістікті фразеологизмдерді компонент құрамына қарай екі компонентті немесе көп компонентті деп бөлуге болады.

1. Екі компонентті антонимдес етістікті фразеологизмдер: мойны босау ↔ қолы тимеу; қисыны келу ↔ қисыны кету; тілі шығу ↔ тілі күрмелу; каталап қалу ↔ шөлі қану; шырағы жану ↔ шырағы сөну; есесі кету ↔ есесі қайту.

2. Көп компонентті антонимдес етістікті фразеологизмдер: араларынан жел есу ↔ арасынан қыл өтпеу; ат ізін салмау ↔ ат ізін құрғатпау; бетінен оты шығу ↔ беті бүлк етпеу; иті қырын жүру ↔ тасы өрге домалау; ақ шелегі түскендей ақтарылу ↔ бармағын бүгіп қалу; аузы аузына тимеу ↔ жұмған аузын ашпау; ұзындағы өшін, қысқадағы кегін алу ↔ ұзында өші, қысқа да кегі кету, т.б.

Жинақталған материалдар (етістікті фразеологизмдер) біріншіден, лексикалық антонимдермен қатар фразеологиялық антонимдер, оның ішінде антонимдес етістікті фразеологизмдердің кездесетінін, екіншіден, лексикалық болсын, фразеологиялық антоним болсын қарама-қарсы ұғымды білдіретінін, үшіншіден, олардың бір лексика-семантикалық топ ішінде болатындығын көрсетеді. Сонымен қатар антонимдес етістікті фразеологизмдердің жасалу жолы, өзіндік құрылым құрылысы бар категория екені байқалады.

2.3. Алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер

Қазақ тіліндегі жағымды (мелиоратив) коннотацияның негізінде пайда болған алғыс мәнді сөздер мен мотивінде жағымсыз (пейоратив), ұнамсыз мән жатқан қарғыс сөздер адаммен, оның дүниетанымымен, көзқарасымен тікелей байланысты, яғни достық пен дұшпандық, жақсылық пен жамандық, өмір мен өлім сияқты қарым-қатынастарының өрісінен туындаған.

Жалпы тілдегі алғыс және қарғыс мәнді ұғымдар өте ерте заманда, адамзат қоғамының, сана-сезімінің төмен, сәбилік кезінде пайда болған. Бұл ұғымдарды мифтік дәуірмен, діни сенімдермен тікелей байланысты

деуімізге болады. Ауыздан шыққан алғыс пен қарғыс адам баласының өмір тіршілігін жеңілдетуге немесе қиындатуға, ұзартуға немесе қысқартуға болады деген ұғымнан келіп туындаған.

Алғыс және қарғыс мәнді сөздердің пайда болуы адамзат тарихымен, рухани дамуының «сәбилік» сатысындағы дүниетанымымен, дінге дейінгі қарапайым танымымен тығыз байланысты. Түркілер көне діннің символы көкке, тәңірге табынып, жалбарынған. Аспандағы жарық беретін күнге, айға, жұлдыздарға бас иіп, көкті тәңірі деп түсініп, көктің күші отта, найзағайда деп білген. Сондықтан да күннің күркіреуі, найзағайдың жарқылынан қорыққан, тәңірге сиынып, жалбарынып, ырымдар жасаған немесе сол тәңірінің қаһарымен айбат көрсеткен. Мысалы: Тәңірден тапқыр! Тәңір алғыр! Төбеңнен жай түскір! Немесе тәңір сөзінің қатысымен жасалған алғыс мәнді фраземалар: Тәңірі пана болсын! Тәңір жарылқасын! Тәңір жар болсын! және т.б.

Адам баласы сонау отқа, суға, көп құдайға табынатын шағында-ақ талай заттарды киелі санаған. Әркімнің маңдайына біткен жұлдызы бар деген түсініктен **жұлдызым жоғары болғай, жұлдызым оңынан туғай** деген тілектер осындай наным-сенімнен туған.

Ертедегі мифологиялық түсінік бойынша тәңірі – ерекше күш. Оның рахымы түссе, адамға көмектеседі, қаһары төнсе, адамға сұмдық кәрісін төгеді деген. Адамдар өздерінің бір-біріне жасаған жақсылық-жамандық әрекеттеріне жауап ретінде, осы күштерге байланысты фраземаларды қолданған. Сөздің күшіне, құдіреті мен сикырына, оның магиялық қасиетіне сенген.

Қазақ, қырғыз халқының дүниетанымын зерттеген этнограф ғалым Ш. Уәлиханов, айды тәңірі деп түсінген болар, қырғыз халқы ай жаңасын көргенде, қара жерге маңдайын тигізіп бас иеді. Жаз болса, сол маңдайын тигізген жердің шөбін алып, үйіне әкеліп, отқа тастайды деген ой айтады. *Ай көрдім, аман көрдім! Ескі ай, есірке, Жаңа ай жарылқа!* шумақтары этнограф ғалым ойының жалғасы бола алады.

Айдың, күннің, жұлдыздың қасиетіне сенуден пайда болған: Айың оңынан тусын! Алдыңнан нұр, артыңнан күн тусын! Жұлдызың жоғары болсын! фраземалар семантикасында осы уәждердің ізі байқалады.

Алғыс сөздерді әйелдер де, ер адамдар да қолдана береді. Қарғыс мәнді сөздерді ер адамдардан гөрі әйел адамдар көп айтады. Әйелдердің қарғысында онша зіл болмаған болу керек, себебі, тілде «Әке қарғысы – оқ, шеше қарғысы – бөк» деген тіркес бар.

Қазақ тілінде алғыс мәнді сөздерден гөрі қарғыс мәнді ұғымдар басымырақ екен. І. Кеңесбаевтың сөздігінде алғыс мәнді – 108 фразема, қарғыс мәнді – 127 фразема тіркелген. Бұл сандардан қазақ тіліндегі қарғыс-алғыс мәнді фразеологизмдердің түпкілікті мөлшері осы ғана деген ой тумаса керек. Олардың тілдегі саны бұдан әлдеқайда көп.

Қазақтың ауыз әдебиетінде көп кездесетін ұғым – қарғыс. Ежелден тіл өнері дарыған қазақ халқы қарғыс айтуға да шебер болған.

Қарғысты іштей:

- жалпы адамдарға арналған: Атауыңды іш! Аштан өлгір! Атана нәлет! Аузыңа қан толсын! Аруақ салсын! Басың көбеймесін! Жаның шықсын! Жағың қарыссын! Иттей ұлып қал! Ит өлімін берсін! Тілін кесілсін! т.б.

- әйелдерге арналған: Бетін тіліңгір! Бетеге болғыр! Қара жамылғыр! Қара бет болғыр! Байын өліп, бакытың күйсін! т.б.

- балаларға арналған: Жетім қалғыр! Жер жұтқыр! Қарғыс атсын! Көктей сол! Қара шешек келгір! Жетпей желкен қиылсын! Қыршыныңнан қиылғыр! т.б.

- жан-жануарларға арналған: Арам қатқыр! Жау алғыр! Кебенек келгір! (ешкіге), Акшелек болғыр! (түйеге), Киенкі болғыр! (жылқыға), Қара талақ болғыр! (малға), Топалаң келгір! (қой, ешкіге) және т.б.

- дүние-мүлікке, заттарға арналған қарғыстар: Адыра қалғыр! Жау алғыр! Жау тигір! Қараң қалғыр! Опасыз дүние! Өрт тигір! Көбін болғыр! т.б.

Қарғыс сөздер қиянат жасаған адамдарға өлім немесе сондай бақытсыздық тілеуден, діни ұғымнан, сенімнен туған. Қарғысқа зәрлі, қаһарлы, өткір сөздерді қолданған. Ер адамдар теріс бата бергенде қарғаған. Бұл «бата» деп аталғаны болмаса, қарғыстың қатты, жазаның өте ауыр түрі. Мысалы: Құнанбай қос қолын созып, алақанын сырт қаратып тұр... Бұл теріс батаның, қарғыс батаның белгісі (М. Әуезов).

Батаның бұл қарғыс түрі ел ішінде өте сирек қолданылған, ол атадан балаға ұмытылмайтын таңба болып қалған. Атаның теріс батасын алғандарды халық жек көрген. Қарғыстың ең ауыры – ананың ақ сүтін көкке саууды және атаның теріс батасы болып саналған.

Алғыс, қарғыс мәндегі сөздер экспрессивтілік пен эмоционалдық реңкте қолданылады. Өзінің табиғатына қарағанда халықтың әр кезеңіндегі тұрмыстық, әлеуметтік тәжірибесінің негізінде жасалып, ғасырлар бойында атадан балаға ауысып, сөйлеу тілімізде, әдебиетімізде сақталған элементтер.

2.4. Алғыс пен қарғыс мәнді фразеологизмдердің антонимдік сипаты

Тілде бір-біріне қарама-қарсы мағынада жұмсалып қалыптасқан сөздер – антонимдер болады. Бұлардың мағына қарама-қарсылығы ол сөздердің лексикалық мәнінде болады. Антонимдер – көбінесе, бір тектес сапалық ұғымдарды білдіретін, қарама-қарсылықты мәні жағынан өзара тепе-тең үнемі бір-біріне қарсы мағынада қолданылып қалыптасқан сөздер. Мәселен, біздің әңгімеліп отырған фразеологизмдеріміз алғыс және қарғыс мәнді болып бөлінеді. Осындағы алғыс сөзі мен қарғыс сөзі бір-біріне антоним болады. Өйткені алғыс және қарғыс сөзінің мағынасы адамдардың іс-әрекетіне адамгершілік көзқарасы тұрғысынан берілетін қарама-қарсы бағаны білдіреді. Екеуі де абстракты ұғымдағы туынды зат

есімдер. Адамның ойлау, топшылау қабілетіне байланысты болғандықтан, бұларда сапалық қасиет басым келеді.

Халық біреудің істеген ісіне, мінезіне, қылығына риза болса, алғыс айтады. Ал біреу жат мінез көрсетіп, оғаш қылық істесе не болмаса екінші біреудің ақысын бермесе, жамандық, қастық істесе, опасыздық әрекет жасаса, жаны күйген адам оған лағынет айтып қарғайды. Сөйтіп адамның іс-әрекет, мінез-құлығына әлеуметтік дәрежесіне, қоғамдағы орнына, тектік, туыстық қарым-қатынасына байланысты жағымды, жағымсыз әрекеттерінің нәтижесіне сапалық баға беріледі.

Осындай жеке сөздерге тән антонимдік мағына қалыптасқан фразеологизмдерде де болады. Өйткені фразеологизмдер, көбінесе сапалық-бағалық сипатта болады. Сондықтан қалыптасқан сөз тіркестері бір-біріне қарсы мағыналас болып келе береді.

Осылардың ішінде алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер бір-біріне қарама-қарсы мағынада жұмсалып қалыптасқан сөз тіркестері. Мәселен, алғыс мәнді фразалық тіркестердің бірқатары адамның істеген ісіне, әрекетіне берілген баға іспетті болып келеді: Абыройың ассын; мерейің үстем болсын; ауданында атакты, ағайынға қадірлі, ауылыңның көркі бол; халыққа қалаулы бол; мәртебен биік болсын, жұлдызын жоғары болсын; талабыңа нұр жаусын.

Бұл тәрізді алғыс мәнді фразеологизмдер образды, астарлы болып, мазмұны жағынан сапалық-бағалық сипатта келіп тұр. Олай болса, лексикалық құбылыс болып табылатын антонимдік қатынас бұларға да /алғыс мәнді фразеологизмдерге/ тән болуы күмәнсіз секілді.

Қарғыс мәнді фразеологизмдер де адамның іс-әрекетіне байланысты берілген сапалық ұғымды білдіреді. Мысалы: тамағына тас тығылғыр; жегенін желкеннен шыққыр, жемтігінді жегір; қу тізенді құшақтап қалғыр; көгермей, көктей солғыр; т.б.

Бұл тіркестер бір адамның екінші адамға деген наразылығын

білдіреді. «Тамағына тас тығылғыр; жегенің желкеннен шыққыр; жемтігіңді жегір» деген қарғыс мәнді тіркестердің мағынасы «ішкен-жегенің бойына құт болғыр; алғаның ас болғыр» деген алғыс мәнді фразеологизмдерге қарсы мәнде айтылған. Болмаса «қу тізеңді құшақтап қалғыр» деген қарғыс «үбірлі-шүбірлі бол» деген алғысқа қарама-қарсы мәнде айтылған. Бірінде екінші адамға баласыз, үрін-бұтақсыз жалғыз қалуды тілек етсе, соңғысымен мәндес «өркенің өскір» деген сөз тіркесі де басына бас қосылып, көбею үрім-бұтақты болу мәнін білдіріп, «қу тізеңді құшақтап қалғыр» деген қарғысқа қарама-қарсы мағынада қолданылады.

Сол сияқты «өмірлі бол, көп жаса» алғыстары жастарға ұзақ өмір тілеу мағынасында айтылса, «қыршыныңнан қиылғыр» деген қарғыс мәнді тіркес жастайынан мерт болуды, өлім тілеуді білдіріп қарсы мәнде қолданылады.

Алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер бірімен бірі антонимдік қатынаста келіп, лексикалық антонимдер сияқты сапалық ұғымдарды білдіргенімен бұлардан антонимдік критерийлерінің бәрі бірдей табыла бермейді. Өйткені алғыс және қарғыс мәніндегі фразеологизмдердің қарсылықты мәні тепе-тең болып келіп, тілде үнемі бір-біріне қарсы мағынада бір сөйлемде қатар қолданыла бермейді; тек белгілі орайда, нақтылы контексте ғана жұмсалып, антонимдік қатынасқа түседі. Біздің байқауымызша, алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер мынадай жағдайларда антонимдік қарым-қатынасқа түседі:

а) Тұтас тіркестердегі /алғыс, қарғыс мәнді фразеологизмдердегі/ антонимдік мағына компоненттерін түгел қамти отырып жасалады. Мысалы, қуанышын қойнына сыймасын – кесір-кепіетіне жолыққыр; мұңсыз бол – еңіреп етегің жасқа толсын; жас жанына жамандық бермесін – көгермей, көктей солғыр; жағың түспей, жамандық көрме – жетпей, желкен қиылғыр, т.б.

Бұл — алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдердің ішіндегі

антонимдік жұп болып көп ұшырасатын түрі. Бұлардағы /антонимдік топтағы/ мағына қарама-қарсылығы тіркестің компоненттерінің тұтасып кіріккен бірлігінде, яғни фразалық тіркестің өн бойында болады. Бұндай сөз тіркесіндегі антонимдік мағына тіркесті тұтас алғанда аңғарылады.

ә) Алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдердің компоненттеріндегі антонимдік жұп мағынаға тірек боларлық бір сөздің қайталанып келуі арқылы жасалады. Мысалы: жолыңа жуа біткір – жолын даңғыл болсын; жалғызыңның игілігін көр – жалғызыңнан жайрағыр; жанын жадырағыр – жанын шыққыр; жөртқанда жолын болсын, жолдасың қыдыр болсын – жолың болмай, жолда қалғыр; т.б.

Бұл типтес фразалық тіркестерде ойға тірек, ұйтқы боларлық бір сөз болады да, ол антонимдік жұп құрайтын тіркестерде қайталанып келеді. Тіркесте айтылатын ой негізінде сол тірек сөз атауы болған зат пен құбылыс жайында болады, фразалық антоним құрайтын тіркестер осы зат не құбылыстың екі түрлі күйін білдіреді. Мысалы: «жанын жадырасын – жанын шықсын» дегенде антонимдік жұп болып тұрған «жан» сөзі – тірек сөз. Өңгіме жанның екі түрлі күйі туралы болып отыр. «Жаны жадырау» - жарқын жүзді болу, көңілдену, жайнау деген ұғымды білдіреді. Бұнда адамның психологиялық ішкі сарайы, ойы, санасынын жай-күйін білдіретін *жадырау* сөзі мен *жан* сөзі тіркесіп келіп «көңілдену» деген ұғымды білдіріп тұр. Ал «жаны шықты» деген тіркес *үрейленді, қатты қысылды* деген ұғымда айтылады. «Жанын шыққыр» тіркесі үрейлену, қатты қысылу сияқты жан шығарда болатын психологиялық адамның ішкі сезімін білдіруіне орай, аталған екі тіркестің екеуі /жанын жадырасын – жанын шыққыр/ бір нәрсенің /жанның/ екі түрлі күйін, яғни көңілдену-үрейлену тәрізді сезімді айқындай түсіп антонимдік жұп блып тұр.

Сол тәрізді «жолың даңғыл болсын – жолыңа жуа біткір» деген фразалық тіркестерде «жол» - тірек сөз. «Даңғыл болсын» дегендегі даңғыл сөзі – кең, тегіс, түзу, сара жол деген ұғымда айтылған, ал «жуа бітсін» жегендегі жуа сөзі ащы өсімдік, пияз мағынасында келіп, біту

сөзімен тіркескен. Біту-өсу, шығу мәнін білдіретін сөз. Бұл арада жуа бітсін – жуа өссін, шықсын деген ұғымды білдіреді. Бұл екі тіркес /данғыл болсын – жуа бітсін/ екеуі бір нәрсенің /жолдың/ екі түрлі күйін, яғни сара жол, жуа өскен жол сияқты қарсы мағыналас болып келіп, тіркестің антонимдік мәнін байқатады.

б) Алғыс мәнді сөз тіркесіндегі бір не екі сөз тіркескен жеке алғанда қарғыс мәнді сөз тіркесіндегі бір не екі сөзбен өзара қарсы мағыналас болып антонимдік жұп құрайды. Мысалы: көзіңнің оты жансын – көзіңнің оты өшсін; ұзақ өмір берсін - өлім келгір, бала-шағанның қызығын көр – бейнетті ұлыңнан көр.

Бұл тіркестердегі жану-өшу, өмір-өлім, қызық /бұл арада рахат мәнінде айтылған/ - бейнет деген сөздерді тіркестен тыс жеке алып қарасақ, бұлар өзара қарама-қарсы мағынада антонимдік жұп болып тұр. Фразалық тіркестердің құрамына енгенде де бұндай сөздердің көпшілігі антонимдік мағынаны өз бойында сақтап қалады. Сөйтіп, фразалық тіркестер тұтас алғанда бір-біріне қарсы мағыналас болып шығады. Жоғарыдағы мысалдарға жану-өшу, өмір-өлім, қызық-бейнет т.б. өздерінің лексикалық мәні жағынан айрықша көзге түсіп, сол өздері компоненті болып табылатын тіркестердің негізгі желісі, ұйтқысы ретінде көрінеді.

Тіліміздегі сөздердің мағына қарама-қарсылығына негізделген фразалық антонимдер көптеп кездеседі. Бұндай бір-біріне қарама-қарсы мәнде келетін сөздер алғыс мәнді фразеологизмдердің өз ішінде қатар кездесіп те отырады. Мысалы, «Өшкенің жанып, өлгенің тірілсін» деген алғыс мәнді фразеологизмнің құрамындағы сөздер бір-бірімен қарама-қарсы мәндегі екі топ құрап тұр: бірінші топта өшу-жану антонимдік бір жұп болса, екінші топта өлу-тірілу антонимдік жұп болып, жану, тірілу сыңарлары осы тіркесте алғыс мәнін тудырып тұр. Ал «досың қас, дұшпаның жау болсын» деген қарғыс мәнді сөз тіркесінің құрамындағы дос-қас, дұшпан-жау деген сөздердің қосақталып келуі де тіркестің қарғыстық мәнін күшейтіп тұр. Өйткені қас, дұшпан, жау сөздері мәндес

сөздер, сонымен бірге бұлардың өзіндік ерекшеліктері де бар. «Дос» деп бір-бірімен жақын, тату, сырлас адамды айтсақ, «қас» дегеннен оған қарсы мәнді біреуге жамандық ойлаушы адамды білеміз. Бұл арада тату, сырлас адамың өзіне жамандық ойласын деген мәнді ұғамыз. Ал «дұшпан» деген сөздің жамандық ойлау деген мәніне өштесу мәні үстеліп, эмоциялық мәні күшейе түседі, жау десек, «қас» сөзінің де «дұшпан» сөзінің де мәнімен бірге шауып алушы, жаулық ойлаушы, зиянкестік жасаушы деген мағыналық рең ұлғая түседі, сондықтан бұл – «досың тек қас болып қоймасын, әрі дұшпан, әрі жау болсын» деген мәнде айтылған қарғыс мәнді сөз тіркесі. Бұл арада – дос-қас, дос-дұшпан, жау-дос дегендер антонимдік жұп құрайды.

Сөйтіп, антонимдік құбылыс алғыс және қарғыс мәнді сөз тіркестерінің әрқайсысының өз ішінде де кездесіп, ол тіркестердің алғыс, қарғыс мәнін күшейтіп үстемелеп көрсету үшін қолданылады. Алайда мұндай құбылыс аталған тұрақты тіркестердің құрамында сирек ұшырасады.

Алғыс мәнді фразеологизмдерге болымсыздық етістігінің жұрнағын қосып қарғыс мәнін тудырып айтуға болады. Мысалы:

көсегең көгерсін ↔ көсегең көгермесін;

өркенің өссін ↔ өркенің өспесін;

дегеніңе жет ↔ дегеніңе жетпе;

жолың болсын ↔ жолың болмасын;

бағың жансын ↔ бағың жанбасын;

берекесін берсін ↔ берекесін бермесін;

игілігін көр ↔ игілігін көрме;

алғаның ас болсын ↔ алғаның ас болмасын;

Бұл келтірілген тіркестердің бірінші тобы – алғыс мәнді сөз тіркестері, ал екінші тобы – сол тіркестің соңғы етістік сөзіне – ма, - ме;

- ба, - бе; - па, - пе болымсыздық аффиксінің қосылуы арқылы жасалған қарғыс мәнді сөз тіркестері. Бір қарағанда антонимдік мән тудырып тұрған тәрізді. Олар /көгермесін, жетпе, болмасын, жанбасын, бермесін, көрме т.б./ іс-әрекетке берілген екінші бір сапалық ұғымды білдіріп тұрған жоқ, тек алдыңғы берілген бір сапалық ұғымды /көсегең көгерсін, өркенің өссін, дегеніңе жет т.б./ жоққа шығарумен шектеліп тұр. Логика ғылымында бұндай ұғымдарды қарама-қарсылық ұғымдар емес, қайшылық ұғымдар деп атайды. Сондықтан бұлар тіл білімінде болымсыздық категория деп саналады. А.А. Реформацкий антонимдердің түрлеріне байланысты мынадай бір пікір айтады: «Антонимы — это слово противоположного значения. Здесь соотношение чисто семасиологическое: оно основано на противопоставлении понятий; это отношение не номинативное. Поэтому самыми «примитивными» антонимами являются слова с отрицательной частицей типа: хороший — нехороший, трудно — нетрудно, близки к этим и случай антонимирования приставок или суффиксов, например в русском: спокойный — беспокойный, подземный — надземный.

Тілдегі қарама-қарсы ұғымдар бірін-бірі жоққа шығарады, сонымен бірге, затқа, құбылысқа, іс-әрекетке, оның сапасына жаңа баға береді, олар тілдегі антоним арқылы көрінеді. Ал біздің әңгімелеп отырған алғыс мәнді фразеологизмдерге болымсыздық аффикстер жалғау арқылы іске, қимылға, тыйым салынады. Болмаса істің, қимылдың, әрекеттің іске аспауын, болмауын білдіріп, алғашқы қимыл, іс-әрекеттің іске асуын, бслуын тілек етіп тұрған мағынаны жоққа шығарады, бірақ жаңа сапалы сипат тудырмайды, сондықтан бұлардың антонимдік мәні әлсіз, тіптен жоқ десе болады. Демек, кез-келген логикада болатын қайшылық, тілде антонимдік қарама-қарсылық тудыра алмайды екен.

Алғыс және қарғыс мағынасындағы фразеологизмдер адамның көңіл-күйін, жақ дүние толқыныстарын білдіру үшін жұмсалады. Мұның бірі жағымды көзқарастан, екіншісі жағымсыз көзқарастан туындаған.

Алғыс және қарғыс мағынасындағы фразеологизмдер тілде үнемі бір-біріне қарама-қарсы мәнде жұмсалады. Бұл фразеологизмдер адам баласының бір-біріне деген достық немесе дұшпандық, жақсылық немесе жамандық қарым-қатынастарынан туындап, күнделікті өмірде белгілі бір жағдайларға байланысты жиі қолданылады.

Тіліміздегі алғыс және қарғыс мағынасындағы тұрақты сөз тіркестер төмендегідей мағынада топшаланып айтылады:

1. Алғыс мағынасындағы фразеологизмдер: үй-ішіне, жеке адамға айтылатын тілеу ретінде; бақ-дәулет, бақыт, береке тілеу ретінде; денсаулық, ақ жол тілеу ретінде, т.б. айтыла береді.
2. Қарғыс мағынасындағы фразеологизмдер: баланың тіл алмауына байланысты; жалпы адамзат атауына орынсыз тіл тигізуіне байланысты; теріс жол, теріс батаның айтылуына байланысты; ниеті, пиғылы жаман кісілерге байланысты, т.б. айтыла береді. Қарғыс сөздері адамнан басқа малға да байланысты айтылады: Ақ шелек келгір! (Түйе малына айтылады), Арам қатқыр! (Жалпы мал атауына айтылады), Аусыл болғыр! (Сиыр малына айтылады), Борша болсын! (Пышаққа ілінсін, сойысқа жығылсын деген мағынада айтылады), Көк келсін! (Адамға, әрі малға айтылады), Қырық жілік болғыр! (Көбіне кара малға айтылады), Пышаққа түскір! (Сойылғыр деген мағынада айтылады), т.б. [8. 174-175].

Алғыс-қарғыс мағынасындағы тұрақты сөз тіркестерінің бір-біріне қарама-қайшы болып келетіндері де кездеседі.

Мысалы: Көсегең көгерсін! (Өркенің өссін, көп жаса деген мағынада) – Көсегең көгермесін! (Өркенің өспесін, жақсылық көрме деген мағынада); Мұратың қабыл болсын! (Тілегін орындалсын деген мағынада) – Мұратың еш бермесін! (Тілегін еш орындалмасын деген мағынада); Өркенің өссін! (Үрім-бұтақты бол деген мағынада) – Тұқымың құрғыр! (Үрім-бұтағың, ұрпағың жойылғыр деген мағынада);

Бала-шағанның игілігін [рақатын] көр! (Бала өсіріп, жұмсап, қызығын көр, қуанышына кенел деген мағынада) – Ақша бетін тілінсін! (Байың, кісін өлсін, жылап қал деген мағынада);

Тұқымың түптесін, катының жүктесін! (Үбірлі-шүбірлі бол деген мағынада) – Өрісінді өрт алғыр, жайлауыңды жау алғыр! (Жамандық айнала шырмасын, жау жағадан, бөрі етекпеннің керін көр деген мағынада);

Бағын жансын! (Бақытты бол деген мағынада) – Бағың күйсін! Бағың күйіп бакты кара болғыр! (Басыңдағы бакытың тайып, жер карап қал деген мағынада);

Аузына май, астыңа тай! (Айтқаның келсін, дегенің болсын деген мағынада) – Алдыңа құдай келтірсін! (Қылған жамандық өзіне келсін деген мағынада);

Көп жаса! Көп жасағыр! (Өмірің ұлғайсын деген мағынада) – Сүйегін шыққыр! (Өлігің шықсын, өл деген мағынада);

Құдай жолыңды оңғарсын! (Сапарға шығып, жолы болсын деген мағынада) – Жүрген жеріңе шөп шықпасын! (Ісің өрге баспасын, жолың болмасын деген мағынада).

Алғыс-қарғыс мәнді фразеологизмдер бір-біріне деген қарым-қатынастық әрекеттерінен пайда болған тұрақты сөз тіркестер деп түсінуіміз керек.

Алғыс-қарғыс мағынасындағы фразеологизмдер көтеріңкі және бәсен дауыс ырғағы (интонация) арқылы келіп, тұрақты сөз тіркестерінің сонынан үнемі леп белгісі қойылып отырады. Бұлардың жасалу жолдары да әр түрлі болып келеді. Алғыс-қарғыс мағынасындағы тұрақты сөз тіркестері көбінесе бұйрық райлы (алғыс және қарғыс мағыналы) етістіктің -сын, -сін қосымшасы жалғанып келуі арқылы жасалған. Бұлар түбір етістікке төмендегідей қосымшалардың жалғанып келуі арқылы жасалады:

1. *-қыр, -кір; -ғыр, -гір;*

2. *-сын, -сін;*

3. *болымсыз етістіктің (-ма, -ме; -ба, -бе; -па, -пе) жұрнағынан кейін -қыр, -кір; -ғыр, -гір; -сын, -сін қосымшалары жалғанып келуі арқылы;*

Фразеологизмдердің құрамына кейде үстеме сөз қосып айтылғанда, құрамы аралас, өзгермелі болып келеді. Сондықтан алғыс-қарғыс мағынасындағы фразеологизмдердің құрамындағы компоненттері екі компонентті: құдай жарылқасын / алла жарылқасын; көзің жоғалғыр / қараң өшкір; жұлының үзілсін / омыртқаң үзілсін; жүгермек келгір / қыршын қатқыр; игілігін көрсетпесін / қызығын көрсетпесін; үш компонентті: құдай амандығын берсін / құдай бақыт берсін; қадамың құтты болсын / қадамыңа гүл бітсін; алла бағынды ашсын / алланың нұры жаусын; құдай төбеңнен ұрғыр / төбеңнен құдай ұрсын; алғаның аузыңнан шықсын / жегенің желкеңнен шықсын; көрсем көзім шықсын / көрсем көзім аксын; тіліңе теріскен шықсын / тіліңе жылан жұмыртқаласын; төрт компонентті: құдай бетін ары қылсын / алла бетін аулақ қылсын; кара аспан айналып түскір / басыңа кара күн туғыр; бес компонентті және аралас компонентті: аузыңа май, астыңа тай / айтқаның келсін, дегенің болсын; бағың күйгір / бағың күйіп бакты кара болғыр; басыңа көрінгір / өз басыңмен кеткір, т.б. болып келе береді. Келтірілген мысалдарға карағанда жиі кездесетін фразеологизмдер екі, үш және төрт компонентті тіркестер. Қазақ тілінде «құдай», «алла», «тәңір» сөздерінен туындаған алғыс-қарғыс мәнді фразеологизмдер көптеп кездеседі. Бұған жоғарыда келтірілген мысалдар дәлел бола алады.

Алғыс-қарғыс мағынасындағы тұрақты сөз тіркестерінің синтаксистік қызметі де әр түрлі. Кейбір кезде олардың басыңқы (ұйытқы) сыңарлары етістіктен болады да, ал бағыныңқы сыңарлары есім сөздерден тұрып, үйірлі мүше болады. Мысалы: Түбі /-н/ түскір! Бағы /-н/ күйгір! Аты /-н/ өшкір! Арам қатқыр! Жаны /-н/ шыққыр! Көзі /-н/ акқыр!

Қыршын /-ын/ келгір! Тілеуі /-н/ құрғыр! Шайтан түрткір! Мерт болғыр!
т.б.

Алғыс-қарғыс мәнді фразеологизмдер көркем шығармаларда көптеп кездеседі. Бұның өзін бір ғана М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясынан кездестіруімізге болады. Мысалы: Қамқаның бейітін құшақтағалы еңіреп келе жатқан Жексенді кеудеден қойып қап: - Өй, көзін ақсын, көзін аққыр өншең! – деді (56-бетте). – Не деген имансыз едің, кәрі төбет?! – деп тұрған Құнанбайдың баласын көрді (31-бетте). – Кет, бәлекет, жүзі кара! Кет! – деп, үлкен тасты жіберіп қалды (31-бетте). – Ей, құдай ұрған, тұра тұр! Көрермін бәлем! – деді (31-бетте). Тек Әбіш тоқтаған уақытта қошеметтеп, алғыс аралас, мақтау сөздер айтып:

- Көп жаса, қарағым! -

- Қандай өнер!

- Бәсе, осылай тартылса керек қой! – дескен үлкен аналар мен жасы үлкен еркектердің ғана сөздері аңғарылды (141-бетте).

Кейін Әбіш тоқтаған уақытта, үй іші тегіс алғыс айтты:

- Сонша көп еңбек еттің!

- Бізге көрсеткен інілік құрметіңе рақмет, қарағым! – деп, Тұрай бейіл шырай білдірді.

- Дегеніңе жет, жолың болсын, айналайын! – деп, Мағрипанын анасы, үлкен, толық, ұзынша жүзді ақ бәйбіше де алғысын айтты (143-бетте).

Алғыс-қарғыс мағыналы фразеологизмдердің көбі эмоционалды-экспрессивті сипатта айтылған. Тұрақты сөз тіркестер түгелдей адамға байланысты, яғни біреуге деген шексіз қуанышын, ризашылығын немесе керісінше мәнде жұмсалып айтыла береді.

Келтірілген алғыс-қарғыс мәнді фразеологизмдер бір-біріне қарама-қарсы мәнде айтылған, яғни антонимдес фразеологизмдер.

Қорыта келгенде, алғыс пен қарғыс мәнді фразеологизмдер бір-біріне қарама-қарсы мағыналары бар, сапалық бағалық сипатта

қалыптасқан сөз тіркестері. Бұлардан адамның әр қилы іс-әрекетке, көңіл-күйіне, ісіне байланысты бейнелеу мәніндегі берілетін баға алғыс пен қарғыс мәнді аңғаруға болады. Бұлар яғни алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер тілде үнемі бір-біріне қарама-қарсы мәнде жұмсалып қалыптасқан. Ондай қарама-қарсы мағына алғыс пен қарғыс мәнді фразеологизм компоненттерін түгел қамту арқылы да жасалады. Сонымен бірге алғыстың құрамында антонимдік жұп құрайтын тірек, өзек боларлық сөз қарғыс мәнді тіркестің құрамында да қайталанып келуімен және алғыс, қарғыс мәнді фразеологизм компоненттерінің әрқайсысынан бір не екі сөзді тіркестен тыс алғанда, олар өзара қарсы мағыналас болып келуі арқылы да антонимдік қатынасқа түседі.

2.5. Мақал-мәтелдердің антонимдік сипаттары

Мақал-мәтелдер – халық даналығының, тіл байлығының, өмір шындығының көріністері болып келеді. Алайда, халық «Сөздің көркі – мақал» деп тегін айтпаған. Мақал-мәтелдер талай жылдар мен ғасырлар бойындағы қалыптасып, халқымыздың сөз өнеріне айналғаны бәрімізге мәлім. Сондықтан да қазақ халқының сөз шеберлігі осы мақал-мәтелдер арқылы туындаса керек.

Жалпы, мақал-мәтелдер сөз немесе сөйлем ішінде тұрақты болып келеді. Себебі, мақал-мәтелдердің көпшілігі ауыспалы, астарлы мағынада беріліп отырады. Соңғы кезде мақал-мәтелдерді тұрақты сөз тіркесіне жатқызу не жатқызбау жөнінде біраз сөз болып келді. І.Кенесбаев: «Тілдегі мақал-мәтелдер де тұрақты сөз тіркесіне жатады. Бірақ барынша тар ұғымда алынатын фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің арасында үлкен айырым бар. Мақал мен мәтел фразеологизмдерден өзінің сөз қолданыс, мағыналық жағынан ерекшеленіп тұрады. Ішкі мазмұны, сыртқы түрі жағынан яғни өздерінің семантикасы, грамматикалық құрылысы жағынан мақал-мәтелдің фразеологизмдерден елеулі

айырмашылығы бар. Фразеологизмдерге кейбір ұқсастықтары бола тұрса да, мақал-мәтел сөз саптаудың дербес түрі болып есептеледі», - дейді[9.598]. Бұл пікірлерге басқа да ғалымдар қосылады. Жалпы, тіл білімі саласында фразеологизмдерден басқа мақал-мәтелдер де аз зерттеліп жатқан жоқ.

Мақал-мәтелдер – халықтың әлеуметтік тарихы өмір тәжірибесінен түйген даяр қорытынды. Олар – жақсылыққа уағыздайтын өмір өнегесі, жамандықтан жирендіретін батыл сын.

Қазақ тілінде мақал-мәтелдердің сыртқы тұлғасы жағынан немесе құрамындағы компоненттерінің грамматикалық тұлғалары жағынан өзгеріп, түрленіп отырады. Мақал-мәтелдер де фразеологиялық тіркестер сияқты құрамындағы жеке бөлшектері қарама-қайшылық түрінде қолданыла береді:

1. Жауға жалынба,
Досқа тарылма.
2. Досы көппен сыйлас,
Досы азбен сырлас.
3. Жаман жолдастан жақсы дұшпан артық.
4. Қорқақтың қатыны болғанша,
Батырдың жесірі бол.
5. Дұшпан күлдіріп айтады,
Дос жылатып айтады.
6. Үйдің жылы-суығын,
Қыс түскенде білерсің.
Кімнің алыс-жақынын,
Іс түскенде білерсің.
7. Адал еңбек елге жеткізер,
Арам қулық елден кеткізер.
8. Аз жұмысты қиынсынсаң,
Көп жұмысқа тап боларсың.

9. Білім арзан, білу қымбат.

10. Шашу оңай, жинау қиын.

Мақал-мәтелдердің бұлай болуы тілдегі сан алуан стильдік сөз қолданыстарымен де тығыз байланыстылығында.

Тілдегі антонимдер қарама-қарсы құбылыстарды біріне-бірін салыстыру арқылы стильдік мән тудырады. Сол себептен антонимдер мақал-мәтелдерде жиі кездесіп отырады. Мақал-мәтелдердегі антонимдердің қолданылуын әртүрлі жолмен көрсетуге болады:

1. Мақал-мәтелдердегі антонимдер бір сөйлемнің ішінде салыстырмалы түрде айтылады. Мысалы: *жаман жолдастан жақсы дұшпан артық. Саудың асын ішіп, аурудың ісін істейді. Істеу қиын, сынау оңай. Жігіттікке жеті өнер аз, жетпіс өнер көп емес. Ақымақ бұзуға бар, түзеуге жоқ. Өлі арыстаннан тірі тышқан артық. Кешегі күннен алыс жоқ, ертеңгі күннен жақын жоқ. Тоқ адамды ұйқы басады, аш адамнан ұйқы қашады. Қолы ұзын сүйгенін алады, қолы қысқа тигенін алады. Таудай талаптан бармақтай бақ. т.б.*

2. Мақал-мәтелдердегі антонимдер сөйлемде қарама-қарсы қойылып шендестіріледі. Мысалы: *Ашу- дұшпан, ақыл – дос. Кең жерде тар отырсаң, тар жерде кең отырарсың. Бар болсаң «жоқпын» деме, жоқ болсаң «тоқпын» деме. Жаманишылық пен жақсылық егіз. Ұры бір түнде – бай, бір күнде – кедей. Артық сөйле, кем сөйле, таразылап тең сөйле. т.б.*

3. Мақал-мәтелдердегі антонимдер сөйлем ішінде қосарлану арқылы кездеседі. Мысалы:

Үйдің жылы-суығын,
Қыс түскенде білерсің.
Кімнің алыс-жақынын,
Іс түскенде білерсің.

Тәтті-ащысы да – тіл,
Жұмсақ-қаттысы да – тіл.

Антонимдер өзара алшак карама-қарсы ұғымды білдіретіндіктен, бұлардың сөз табы антонимге қатыстары да болып отырады. Мақал-мәтелдердегі антонимдер көбіне-көп сын есімдерден болады, ал зат есімдер, есімдіктер, етістіктер, үстеулер азды-көпті кездесіп отырады.

Сын есімге тән антонимдердің мынадай түрлері бар:

а) сөйлем ішінде түбір күйінде кездесетіндері:

Артық сөйле, кем сөйле,

Таразылап тең сөйле.

Көп сөз – күміс,

Аз сөз – алтын.

Бойың қысқа болса, түйеге мін.

Бойың ұзын болса, есекке мін.

Аш бала тоқ баламен ойнамайды,

Тоқ бала аш болам деп ойламайды.

Ақ ит, қара ит – бәрі бір ит.

ә) сөйлем ішінде туынды түбір күйінде кездесетіндері:

Жастық – жалын,

Кәрілік – күл.

Таудай талап, бармақтай бақ.

Жаманишылық пен жақсылық – егіз.

Зат есімдерге тән сөйлем ішіндегі антонимдердің негізгі және туынды түбір күйінде қолданылады:

Шындық бар жерде өтірік байқап жүреді,

Шындық жоқ жерде шіреніп, шайқап жүреді.

Дұшпан күлдіріп айтады,

Дос жылатып айтады.

Қайғы қартайтады,

Қуаныш марқайтады.

Қонақ келсе – құт,

Қарақшы келсе – жұт.

Ұры бір түнде – бай,

Бір күнде – кедей.

Сөйлем ішіндегі етістіктерден де, үстеулерден де негізгі және туынды түбір күйінде қолданылады:

Ерте шықсаң алдынан күн шығады,

Кеш шықсаң, түн шығады.

Мақал-мәтелдердің арасындағы осындай құбылыстарды мақал-мәтелдердегі антонимдік қолданыстар деп атауымызға болады. Мақал-мәтелдердегі білгілі бір ойды әр түрлі тәсілдермен қолдануға болады. Қазақ тілі тұрақты сөз тіркестеріне қаншалықты бай болса, мақал-мәтелдерге де соншалықты кедей емес екендігін аңғаруымызға болады.

Профессор Ғ. Мұсабаев қазақ тіліндегі антонимдік контекстердің мына сияқты төрт түрін атап көрсетеді.

1. Антонимдердің бір сөйлем ішінде қатар қолданылуы;
2. Іргелес сөйлемдерде қолданылуы;
3. Бірнеше антоним сөздердің бір сыңарларын одан кейін беру;
4. Антонимдерді аралас қолдану.

Филология ғылымының кандидаты Ө. Болғанбаев та антонимдерді негізінен осылай топтастырады.

Тілімізде антонимдік контекстердің мұндай түрлерінің кездесетіні рас. Сондықтан бұлайша топтастыру дұрыс, сонымен қатар қарсы мағыналас сөздердің қолданылу ерекшеліктерінің сырын ашу үшін антонимдік контекстердің мағыналарын да ажырату керек. Мұның өзі антонимдердің тіліміздегі басқа сөздермен, сондай-ақ олардың өзара байланысуының сырын аша түседі.

Тіліміздегі антонимдік контекстерді тұлғалық және мағыналық жағынан былайша топтастыруға мүмкіндік береді:

1. Жалпылық мәнде болатын антонимдік контекстер. Әдетте мұндай

контекстерде антоним сөздер сөйлемнің бірыңғай мүшесі қызметін атқарады да, ыңғайлас жалғаулықтар арқылы байланысады.

Мысалы: Алыс пенен жақынды жортқан білер,

Ащы менен тұшыны татқан білер.

Бұл мысалдағы асты сызылған сөздер қарсы мағыналас болғанына қарамастан, жалпылық мәнді білдіреді.

Кейде мұндай контекстерде антоним сөздер ешқандай жалғаулықтың көмегінсіз-ақ қатар тұрып қолданыла береді.

Мысалы: Қашпақ, құмақ – ерге сын,

Көшпек, қонбақ – жерге сын.

2. Тікелей қарама-қарсылық мәнде болатын антонимдік контекстер. Мұнда антоним сөздер сөйлемнің бірыңғай мүшесі қызметін атқарады да, қарсылықты жалғаулықтар немесе болымсыздық мәндегі сөздер арқылы байланысады.

Мысалы: Енді еңбек бейнет емес, зейнет.

Мұндай контекстегі сөздер көбінесе емес, жоқ деген болымсыздық мәндегі сөздер арқылы немесе артық, бар деген сөздер арқылы байланысады. Антонимдік контекстің бұл түрі мақал-мәтелдерде, поэзияда да аса жиі қолданылады.

Мысалы: Ақылсыз дастан ақылды дұшпан артық.

Аштықтың тоқтығы бар,

Тоқтықтың аштығы бар.

Ақымақ бұзуға бар, түзеуге жоқ.

Еріксіз түскен ылдидан,

Еркінмен шығар өр артық.

3. Альтернативтік мәнде болатын антонимдік контекстер. Мұнда да қарсы мағыналас сөздер сөйлемнің бірыңғай мүшесі қызметін атқарып, талғаулықты немесе ыңғайлас жалғаулықтар арқылы байланысады.

Мысалы: Ердің атын не аты шығарар, не жары шығарар.

4. Философиялық ой түйіні, тұжырымы, пікір мәнде келетін антонимдік контекстер. Антоним сөздер мұндай контексте көбінесе сөйлемнің баяндауыш қызметін атқарады.

Мысалы: *Еңбек түбі – зейнет*.

Тілімізде нақ осы контекстің қатарласып, жарыса қолданылуы жиі ұшырасады. Ондайда бірнеше антонимдік жұп тұтасып, бүтіндей бір түйдек жасайды.

Мысалы: 1. Ашу – дұшпан, ақыл – дос.

2. Келмек – сүндет, кетпек – парыз.

3. Шабыспақ – онай, табыспақ – қиын.

4. Айран ішкен құтылар, шелек жалаған тұтылар.

Бірінші мысалда екі антонимдік жұп бар: *ашу - ақыл, дұшпан – дос*. Бұл екі жұптың бірінші сыңарларының өзара жұптасуынан қарама-қарсылыққа құрылған бір ой туындаған. Екінші сыңарлары да нақ осылайша жұптасып, тағы бір пікір жасаған. Осы екі пікірдің өзі бір-біріне қарама-қарсы қойылып, бүтіндей бір қорытынды жасап тұр. Бұл қорытынды пікірдің бір сыңары (Мысалы: ашу – дұшпан) екінші сыңарынсыз қолданылмайды. Қолданылған күнде де бірін айтқанда, екіншісі көңілде тұрады. Екінші, үшінші мысалдар туралы да осыны айтуға болады. Ал төртінші мысал, жоғарыдағы үлгі (Еңбек түбі – зейнет) бойынша жасалған. Бірақ одан айырмашылығы бұл өзара қарсы мәндес екі пікірден құралған. Осы жағынан алғанда ол жаңағы бірінші мысалға (Ашу – дұшпан, ақыл – дос) тым ұқсас.

Тіліміздегі мақал-мәтелдердің, фразалық антонимдердің көпшілігі осы әдіс бойынша жасалған.

5. Антоним сөздер жеке, дара қолданылатын контекстер. Антоним контекстердің мұндай түрі тілімізде аса жиі қолданылады.

Ілгеріде антоним сөздер тілде үнемі бір-біріне қарсы мағынада жұмсалып қалыптасуы керек дедік. Бұл шарт бұзылса, қарсы мағыналас болғанына қарамастан сөздер антоним бола алмайды. Бірақ бұдан антоним

сөздер үнемі бір сөйлем ішінде немесе іргелес сөйлемдерде қатар қолданылуы керек деген ұғым тұмайды. Антоним сөздер бір сөйлем ішінде жеке қолданыла береді. Одан олардың антонимдік мәні жойылмайды. Өйткені, біріншіден, антонимдер замандар бойы бір-біріне қарсы мағынада жұмсалып қалыптасқан. Екіншіден, олар бір сапаның бір-біріне қарсы мағыналас екі түрлі бағасының атауы болады. Үшіншіден, логиканың тұрғысынан алғанда антонимдер біртектес ұғымдардың ең шеткі екі мүшесінің атауы болады. Сондықтан олардың бірін айтқанда, екіншісі өзінен жеке дара қолданылғанда да өзінің антонимдік мәнін жоймауының сыры міне осында.

Мысалы: Қорқақтың қолы қысқа.

Көпті жылатқан көп жүрмес.

Мұндағы, **қысқа**, **көп** деген сөздер – антонимдер. Келтірілген мысалдарда бұларға қарсы мағыналас сөздер жоқ. Соған қарамастан бұлар өздерінің антонимдес мәнін жоймайды.

Сондай-ақ, Мәртебең биік болса, жұрт алыстан көреді,

Жақының да, жатың да сәлем береді (мақал) деген сөздерде **алыс** деген сөзге қарсы мағынада қолданылып тұрған сөз жоқ. Бұған қарап аталған сөздер антоним бола алмайды деуге болмайды. Өйткені олардың антонимдік мағынасы контекстен айқын аңғарылып тұр.

Антонимдік мәні бар сөзді сол сөздің болымсыздық тұлғасына қарсы қою арқылы да **антитеза** жасалады.

Мысалы: Ақылсыз адам менмен келер,

Ақылды адам кеңінен келер.

Мұндағы, **ақылды** деген сөз өзінің болымсыздық тұлғасына қарсы қойылып тұр. Шынында «ақылдының» антонимі «ақымақ».

Салыстырыңыз:

Ақымақтың ақылы білегінде,

Ақылдының ақылы жүрегінде.

Антитезаның мұндай түрі көркем әдебиетте сирек қолданылады. Өйткені мұнда, біріншіден, қарама-қарсылық бәсең болады. Екіншіден, бір сөз екі рет қайталанып келеді (ақылды – ақылсыз, әлді - әлсіз, күшті – күшсіз, қуатты – қуатсыз т.б.). Ал сөз қайталанушылық шығарманың көркемдік сипатына нұқсан келтіретіні анық.

Атап кететін бір нәрсе: мақал-мәтелдер бұрын да, қазір де көбінесе ауыз әдебиетінің кіші жанры ретінде әдебиетшілердің зерттеу нысаны, ал фразалық тіркес тіл фактісі ретінде негізінен тіл мамандарының зерттеу объектісі болып келеді. Алайда осы категорияларды бөле-жармай, басын біріктіріп қарауға да болатын сияқты. Осыған сәйкес фразеологияның зерттеу объектісі туралы ғалымдардың ой-пікірлері бір жерден шықпай жатады. Фразеологизмді тар мағынада түсінушілер оның құрамына атаушылық (номинативті) қызметі бар сөз тіркесі түрінде келген фразалық тіркестерді ғана жатқызады. Ал фразеологизмдерді кең көлемде қарастыру бағытын жақтаушылар номинативті сөз тіркесі түріндегі фразеологиялық тіркестермен бірге коммуникативті сипаттағы сөйлем түрінде келген фразеологиялық тізбектерді, яғни мақал-мәтелдерді де фразеологияның құрамында қарастырады.

Фразеологияның құрамында мақал-мәтелдерді қарастыратын тілші-ғалымдардың (В.В. Виноградов, Н.Уәлиев, Ф. Ахметжанова т.б.) пікірлеріне қосыла отырып, осы мәселе жөніндегі көзқарасымызды Н.М. Шанскийдің мына ойларымен сабақтастырғымыз келеді: «Отнесение тех или иных сочетаний слов к фразеологии или напротив, выведение их за пределы фразеологических оборотов обуславливается не тем, номинативны это единицы или коммуникативные, а тем, извлекаются они из памяти целиком или создаются в процессе общения». Яғни мақал-мәтелдер фразеологиялық единицаның басқа түрлері сияқты сөйлеу үстінде бірден түйдек күйінде пайда бола салмай, алдын ала ойлау процесінде әзірленген даяр калпында жұмсалады. Бұлардың тұрақтылығы

мен қолданылатын сипаты мақал-мәтелдерді фразеологияның аясында қарастыруға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Біз фразалық антонимдердің тіл ғылымына бұрыннан белгілі жолдарынан басқа да жасалу тәсілдерін көрсете отырып, олардың антонимдік қатынасқа түскеннен сон мағыналық ерекшеліктері мен қызметтерін дәлелдеуді мақсат тұттық. Тіліміздегі фразеологизмдердің сан алуан мағыналық қатынастарды білдіретіні анық. Біз соның бірі – антонимдес қатынастағы тұрақты сөз тіркестерінің лексика-семантикалық ерекшеліктерін толық ашып көрсетуді басты назарда ұстадық. Өйткені алғыс және қарғыс сөзінің мағынасы адамдардың әрқилы іс-әрекетін, адамгершілік көзқарасы тұрғысынан берілетін қарама-қарсы бағаны білдіреді. Алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер тілде үнемі бір-біріне қарама-қарсы мәнде жұмсалады.

Фразеологиялық тіркестер қай тілде болмасын мақал-мәтелдермен қат-қабат, қатарласа өмір сүреді. Бұл тілдік категориялар тіл байлығының ең құнарлы тармағына жатады және көркем сөз қорының мәйегі болып саналады. Сондықтан да мақал-мәтелдердің антонимдік қатынасқа түсіп отыруы тіліміздегі құбылыстардың бір ерекшелігі деп танымыз.

Фразалық антонимдер – мән-мағынасы бір-біріне қарама-қарсы қолданылатын тұрақты сөз тіркестер. Қазіргі қазақ тіліндегі антонимдес тұрақты сөз тіркестерінің жасалуын төмендегідей топтастырамыз:

1. Антонимдік жұп құрайтын фразалық тіркестерде бір сөз қайталанып отырады: есіне түсті – есінен шықты, ант ішті – ант бұзды, тілі байланды – тілге келді, бақ қонды – бақ тайды, күн бата – күн шыға, ажары кірді – ажары кетті, абыройы асты – абыройы төгілді, т.б.
2. Фразеологиялық антонимдердің құрылым-құрылысы жағынан да, құрамы жағынан да мүлдем басқа сөздер болып келеді: сабыр етті – дегбірі қалмады, азап тартты – рақатқа батты, ақ ниет – арам ой, алдына жан салмады – шаңына ілеспеді, ана сүті аузынан кетпеген – ата сақал аузына біткен,

арасынан қыл өтпеу — қырғи қабақ болу, қабырғасы қайысты — жаны ашымады, көңілі жай тапты — ішкен асы бойына тарамды, т.б.

3. Фразалық антонимдердің компоненттері әр түрлі болып келеді. а) екі компонентті фразалық антонимдер: ақ жүрек — кара жүрек, ақпа құлақ — кұйма құлақ, аз ұйықтар — көп жортар, дәме етті — үміт үзді, енші алды — енші берді, жақсы көрді — жек көрді, т.б. ә) үш компонентті фразалық антонимдер: жолыңа гүл бітсін — жолыңа жуа шықсын, жұмған аузын ашпады — аузы аузына жұкпады, арасынан қыл өтпеу — тұз-дәмі жараспау, ат ізін салмады — ат ізін құрғатпады, асығы алшы түсті — иті қырын жүгірді, бетінен оты шықты — беті бүлк етпеді, т.б. б) төрт компонентті фразалық антонимдер: ана сүті аузынан кетпеген — ата сақал аузына біткен, қой аузынан шөп алмас — жүрген жерінен шөп шықпас, құдай пейіл тілегінді жарылқасын — құдай тас төбеннен ұрсын, т.б. в) аралас компонентті фразалық антонимдер. Бұған сыңарларының әр түрлі компоненттен келетін фразалық антонимдер жатады: алдына жан салмады — шаңына ілеспеді, ат күйрығын кесті — ымыраға келді, бағы тайды — тасы өрге домалады, жүрегіннің түгі бар — су жүрек, т.б.
4. Фразалық антонимдер компоненттерінің сыңарлары әр сөз табынан болуы.
- а) зат есім + етістіктен болған фразалық антонимдер: ант ішті — ант бұзды, бак конды — бак тайды, күн бата — күн шыға, т.б.
- ә) сын есім + зат есімнен болған фразалық антонимдер: ақ ниет — арам ой, ақ жүрек — кара жүрек, оң бата — теріс бата, ашық мінез — тұйық мінез, еңкейген шал — еңбектеген бала, т.б.
- б) есімдік + зат есімнен болған фразалық антоним: бұл дүние — ол дүние.
- в) үстеу + етістіктен болған фразалық антоним: күле кірді — күңірене шықты.
- г) етістіктен болған фразалық антонимдер. Мұнда антоним жасаушы сөз - етістік: сөз беру — сөз алу, шырағы жану — шырағы сөну, бейілі кену — бейілі тарылу, еңсесі түсу — еңсесі көтерілу, күні өтті — күні туды, көзіннің оты өшсін — көзіннің шырағы жансын, т.б.

5. Түбір күйінде кездесетін фразалық антонимдер: ақ жүрек – кара жүрек, ак ниет – арам ой, ашу – дұшпан, ақыл – дос, бұл дүние – ол дүние, ер жүрек – коян жүрек, жас ет – сүр ет, кең пейіл – тар пейіл, ер жүрек – су жүрек, қам көңіл – шат көңіл, май қап – тас қап, оң бата – теріс бата, оң жақ – жат есік.

6. Туынды түбір күйінде кездесетін фразалық антонимдер: ақпа құлак – құйма құлак, енші алды – енші берді, оймақ ауыз – салпы ауыз, соккы жеді – соккы берді, торкалы той – топырақты өлім, т.б.

7. Алғыс-қарғыс мәнді антонимдес тұрақты сөз тіркестері: а) «Құдай» сөзінен болған алғыс-қарғыс мәнді антонимдес тұрақты сөз тіркестері: Құдай алдарыңнан жарылқасын – құдай жүзін көрмегір, құдай бағыңды ашсын – құдай жазанды берсін, құдай жолыңды оңғарсын – құдай сокқыр, құдай жар болсын – құдай атсын, құдай пейіл тілеуіңді жарылқасын – құдай тас төбәңнен ұрсын, құдай пешеніңді атсын – құдай сілегір, құдай тілеуіңді берсін – құдай тапсын, құдай ұзағынан сүйіндірсін – құдай жүзін көрмегір, т.б. ә) «Тәңір» сөзінен болған алғыс-қарғыс мәнді тұрақты сөз тіркестері: Тәңір бақыт берсін – тәңір алғыр, тәңір жарылқасын – тәңір атсын, тәңір қуат берсін – тәңір жазанды берсін, тәңір пана болсын – тәңір ұрғыр, тәңір оңғарсын – тәңір тапсын, т.б. б) «Алла» сөзінен болған алғыс-қарғыс мәнді антонимдес тұрақты сөз тіркестері: Алла жар болсын – алла бұыртпасын, алла ондасын – алла жазанды берсін, алла жарылқасын – алла жазанды бергір, алла тілеуіңді берсін – алла көрсетпесін, т.б.

8. Мақал-мәтелдерден болған антонимдес тұрақты сөз тіркестері негізінен карама-қайшылық түрінде келіп, бір сөйлем ішінде салыстырмалы түрде және бір-біріне карама-қарсы қойылып шендестіріле қолданылады: Жаман жолдастан жаксы дұшпан артық. Ашу – дұшпан, ақыл – дос, т.б.

Мақал-мәтелдердің құрылымдық-құрылыс жағы да, сөйлем ішінде әр түрлі болып келеді. Құрамындағы жеке бөлшектері өзгеше бір лексика-грамматикалық параллелизм түрінде келген тұрақты сөз тіркестері де осы қатарға қосылады.

Сөз соңында, жалпы антонимдес тұрақты сөз тіркестерінің (мақал мен мәтел, афоризм, қанатты, нақыл сөздер) өздеріне тән айырым белгілері болады, сондықтан да олар тіл жүйесінен өзіне сай орын алады.

ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ АНТОНИМДЕР СӨЗДІГІ

1. АБЫРОЙЫ АСТЫ – АБЫРОЙЫ ТӨГІЛДІ

Бүгін мына мешіт бітіп, Құнанбайдың **абыройы асып** отыр (М.Әуезов. Абай жолы). Түнеугүні жиылыста «Атқамінер, бұзық» деп, жұрт көзінше **абыройымды айрандай төктің** (Б. Майлин).

2. АҒЫНАН ЖАРЫЛДЫ – СЫР БҮКТІРДІ

- Мен саған **ағымнан жарылып**, бар сырымды айтып отырсам, сынағың келе ма, - деп Молдағазы кейіп қалды (С. Мұқанов).

3. АҒЫНАН ЖАРЫЛУ – БІР БАРМАҒЫ ІШІНДЕ

Мен саған **ағымнан жарылып**, бар шынымды айтып отырсам, сынағың келді ме? – деп, Молдағазы кейіп қалды (С. Мұқанов).

4. АЖАРЫ КІРДІ – АЖАРЫ КЕТТІ

Аунап-кунап, дем алған соң, сенің **ажарың кірейін** деді (А. Тоқмағамбетов). Бірдеңеден үрейленіп тұрсың ба? **Ажарың қашып кетіпті** ғой (А. Тоқмағамбетов).

5. АЗ ҰЙЫҚТАР – КӨП ЖОРТАР

Азамат ердің баласы **аз ұйықтар да көп жортар** – Дұшпанға кеткен ары мен Барымтаға түскен малы бар (Махамбет).

6. АЗА ТҰТТЫ – ТОЙ ТОЙЛАДЫ

Күн түнеріп, адамзатты мұң басты, Ызғарлы леп тұла бойды мұздатты. Қала, дала **аза тұтып** күңіренді, Айырылдық деп ұлы адамнан қымбатты (С.Машақов). Туған елге келдік міне, жеңіс **тойын тойлашы** (С. Мәуленов).

7. АЗАП ТАРТТЫ – РАҚАТҚА БАТТЫ

Абайға өтініш айтушы көп адамдар көктемдегі жанжалда қаза көрген, **азап тартқан** тіпті содан кейін сорға қамалған жандар екен (М. Әуезов). Жаздың жайлы тымық кештерінде, манаураған далада бейғам ауылдың үсті **рақатқа батып** тыныштала қалды (Х. Есенжанов).

8. АЗАПҚА САЛДЫ – РАҚАТ КӨРСЕТТІ

Біркені шошытып **азапқа салған** адамдар табылмай қойды (С. Көбеев). Әйтпесе бір ит қазақ болып алған соң, саған **рақат көрсетер** ме, өзі рақат көрер ме, я жұртқа рақат көрсетер ме (Абай).

9. АЙЫ ОҢЫНАН ТУДЫ – АЯҒЫ АСПАННАН КЕЛДІ

Ырысмағанбеттің **аяғы аспаннан келе** тыраң ете түсті, шаң бұрк етті (Ғ. Мұстафин. Көз көрген). Ертең болыс сайлауында **аяғың аспаннан келгелі** тұр. Саған соны айтқалы келдім,- деп Кәлен шығып кетті (Ә. Нұрпейісов).

10. АЙЫ ОҢЫНАН ТУДЫ – ЖОЛЫ БОЛМАДЫ

Бәрекелді, Жібекжан, **Айың тусын оңынан**, жұлдызың тусын солынан. Ал отырыс болмасын, Құдаларға барайық, Барып бедел салайық, Мал жеткенше мал беріп, Малға қоса жан беріп, Құдаларды алайық (Қ. Жармағамбетов).

11. АҚ ЖҮРЕК – ҚАРА ЖҮРЕК

Бір ретте шын **ақ жүрек** жан (І. Есенберлин. Қаһарман). Сіз нағыз қайырымсыз **қара жүрек** адам екенсіз. (С. Мұқанов).

12. АҚПА ҚҰЛАҚ – ҚҰЙМА ҚҰЛАҚ

Ақпа құлаққа айтқан сөз ағып кетеді, **құйма құлақ** айтқан сөзді құйып алады (мақал).

13. АҚ НИЕТ – АРАМ ОЙ

Ақ ниетті адамдар, көмектесе көріңдер! –Қой, ойбай! – деп бажылдады Алым байғұс абыржып! – Біреу-міреу **арам оймен** жіберсе... ешкімнің ала жібін аттап көрген жоқ едім (Қ. Әміров).

14. АҚЫЛ ТОҚТАТҚАН – АҚЫЛ ТОЛМАҒАН

Оның сөйлеген сөзінен, жүріс-тұрысынан жас албырттықтың емес, **ақыл тоқтатқан** адамның белгісі сезіледі (М. Қаратаев). Біріміз алжыған шал, біріміз **ақылы толмаған** жас бала, бізден не жөн сұрайсың, шырағым («Жұлдыз»).

15. АҚЫЛДЫ ДҰШПАН – АҚЫМАҚ ДОС

Ақылды дұшпан артық **ақымақ** достан, Дос емес қиындықтан үркіп басқан (С. Мұқанов).

16. АҚЫСЫН ЖЕДІ – АҚЫСЫН ЖІБЕРМЕДІ

Қаңғып келген жетім деп Жетімнің алма зәресін. Бүгін **жеген ақынды** Танда бір күн берерсің (Ү. Кәрібаев). Ереуіл атты ер Сақым ерткен кедей баласын, **жібермеді**, жауға **ақысын** жетілдіріп шаласын (Ө.Тұрманжанов).

17. АЛА КӨЗ БОЛУ – АУЫЗ ЖАЛАСУ

Енші жөнінде өзара **ала көз** балалар, қашан сол күнге жеткенше әке алдында ықтай беретін еді (Ғ. Мұстафин). Бүгін **ауыз жаласып** отырсақ та, саған арнап бір тас тығып отырады (М. Әуезов. Қараш-Қараш).

18. АЛА ЖАЗДАЙ – АЛА ҚЫСТАЙ

Ала жаздай калада жатасын (М.Әуезов. Абай жолы). **Ала қыстай** сар төсек болған көксау Жексенбек те әне далада (Ғ. Мұстафин. Дауылдан кейін).

19. АЛА ҚОЛ – ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАҚ ЖАРҒАН

Бактығұл «қашан шақыру келеді» деп, ажал сағатын күткендей, жүрегі күпті болып, **ала қол**, арамза билердің өмірін, көрін күтті (М.Әуезов). **Қара қылды қак жарғандай** әділ еді, бұза ма деп қорқам (Ғ. Мұстафин. Дауылдан кейін).

20. АЛҒА БАСТЫ – АРТТА ҚАЛДЫ

Еліміздегі техникалық прогресс үнемі ілгерілеуде, **алға басуда** (М. Ермеков). Сайрап тұр экспонаттар Тарихын талдап колхоздың, **Қалғанын артта** қанша жер, Екенін қандай шыққан бел (С. Мұқанов).

21. АЛДЫНА ЖАН САЛМАДЫ – ШАҢЫНА ІЛЕСПЕДІ

Туған жердің ыстықтығын айтуға келгенде, Ілияс (Жансүгіров) **алдына жан салмайды** (С. Талжанов. Ақын аға). Білімді болғанда қазақ баласы шеніне келмейді, **шанына ілеспейді** деп айтады дейді Оразбай төре туралы (М. Әуезов).

22. АЛДЫ ҮМІТ – АРТЫ ӨКІНІШ

Сұм дүние тонып жатыр, ісін бар ма? Баяғы күш, баяғы түсің бар ма? **Алды үміт, арты өкініш** алдамшы өмір, Желікпен жерге тықпас кісін бар ма (Абай).

23. АЛЛА ЖАР БОЛСЫН – АЛЛА БҰЙЫРТПАСЫН

Алла маған жар болса, Еліме алып женелдім, Артымнан келіп жатқан сон, Не ғылып жүрген адам деп, Білейін сені деп едім (Қ. Жармағамбетов).

24. АЛЛА ОҢДАСЫН – АЛЛА ЖАЗАҢДЫ БЕРСІН

Құдай істі ондаса, Ісім жөнге келгенде, Қамалаған көп дұшпан, Өлі де болса қойдай қылып айдармын (М. Өтемісұлы).

25. АМАЛЫ ҚҰРЫДЫ – АМАЛ ТАПТЫ

Өзі түгіл көрмедім, Ізі жоқ басқан табаны. Күйдіріп құдай алмады. Бенденін **құрыр амалы** (Абай). Өрі сырлас жеңгесі, бір **амалын табар** деп мен Зайкүлге сеніп едім (Б.Майлин).

26. АНА СҮТІ АУЗЫНАН КЕТПЕГЕН – АТА САҚАЛ АУЗЫНА БІТКЕН

Ерекше жақын сықылды, Ерекше бәрі сүйкімді. **Ана сүті аузынан кетпеген** өңшең жас ұлан (Қ. Аманжолов). Ант ұрған, жас дейтін жас емессің, **ата сакалын аузына түскенше** сайтан мінезің әлі калмапты (А. Хангелдин).

27. АНТ ІШТІ – АНТ БҰЗДЫ

Ол екі жар болған соң, кім **ант ішіп** ақтап, арамдығын жақтап, сүйеймін десе, соған жақ болып сүйеніп, бұрынғыдан ұрлығын әлденеше есе асырады (Абай). Көрсек қызар, **антын бұзар** қылжыңбас, Тұрлауы жоқ әсіресе қызыл мен емес (Б. Майлин).

28. АҢСАРЫ (КӨҢІЛІ) АУДЫ – КӨҢІЛІ ҚАЛДЫ

Далада тұрды шаруа **аңсары ауып**, Қиялдай бұлдыраған бір егіске (Қ. Аманжолов). Шалдың оған **көңілі қалған** (Ғ. Мұстафин. Шығ.).

29. АР КӨРДІ – АРЫН САТТЫ

Дүниедегі ең жақсы көретін байы мен баласын ренжітіп бас сауға қылып кеткенін Күлпаш енді **ар көре бастады** (Б. Майлин). Ант ішіп, күнде берген жаны құрсын, **Арын сатып**, тіленген малы құрсын (Абай).

30. АРАМ ОЙ – АҚ НИЕТ

Арамға азғырғанды сезбейтұғын, **Арам ойдың** қиялын кезбейтұғын, Көріне шайтан келіп азғырса да, Адамдық ар иманнан безбейтұғын (С. Торайғыров). Аяулы адал, **ақ ниет**, Менде де біраз бар шығар. Адамға біткен қасиет – Сыздаса балтыр хал сұрар (Қ. Аманжолов).

31. АРАНЫ АШЫЛДЫ – ТӘБЕТІ ТАРТПАДЫ

Жау осы қалаға **аранын ашып** анталап тұр (Ә. Нұршайықов. Махаббат жыры). Жұмыстан соң айналысатын ермек те жоқ емес. Бірақ ештемеге **тәбетін тартпайды** (Қ.Жұмаділов. Шарайна).

32. АРАСЫНАН ҚЫЛ ӨТПЕЙДІ – ҚЫРҒИ ҚАБАҚ БОЛУ

Аман мен екеуінің **арасынан қыл өтпейді** қазір (Ғ. Мұстафин. Дауылдан кейін). Қайнағамыз өмір бойы әкең марқұммен **қырғи қабақ** еді (Ғ. Мұстафин. Дауылдан кейін).

33. АРАСЫНАН ҚЫЛ ӨТПЕУ – ТҰЗ-ДӘМІ ЖАРАСПАУ

Ерғожа мен Тауман ауылдас ішінде де екеуінің **арасынан қыл өтпестей** тату екенін де білетінмін (Ғ. Сыланов). Жігітім, екеуіміздің **тұз-дәміміздің** өзі **жараспай** барады-ау, кит етсе керіске шабатын боп алдық (М. Иманжанов).

34. АРҚАСЫ КЕҢІДІ – МҰРШАСЫ КЕЛМЕДІ

Шаруаны кім басқарып, кім иелік етеді? **Арқам кеңейіп**, колым ұзарды десем, мынау не деп отыр өзі? – деп Хамит сасканынан әйелі Қанипаға қаралы (А. Хангелдин). Жұмабайдың басын көтеріп, тымағын түзеуге де **мұршасы келмеді** (М. Әуезов. Абай).

35. АРҚАСЫ ҚОЗДЫ – БЕТІ БҮЛК ЕТПЕДІ

Жұрт **арқасы қозып** сатырлатып алақан соғып, еден тепкілеп жатқанда, ол **беті бүлк етпестен** бедірейіп отыра берді («Жұлдыз»).

36. АРМАНДА КЕТТІ (ҚАЛДЫ) – АРМАНЫНА ЖЕТТІ

... Біле алмай **кеттім арманда**, Терең сырын сол қыздың (Т. Әлімқұлов). Сөйгіп екеуі мұраты ғасыл болып, **армандарына жеткен** екен. («Қазақ ертегілері»).

37. АСТЫ-ҮСТІНЕ ТҮСТІ – КӨЗІНЕ ІЛМЕДІ

Қалмағамбет бізді бауыр тартып күтіп, **асты-үстімізге** түсіп сыйлап жатыр (С. Сейфуллин). **Көзіне** бір ілмейсін, Мен де, Арыстан, батырмын, Бір ерден басым кем бе еді (М. Әуезов).

38. АСЫҒЫ АЛШЫ ТҮСТІ – ИТІ ҚЫРЫН ЖҮГІРДІ

Мынау соңғы мерекелі жылы Әбілқайырдың **асығы алшысынан түсіп**, басқалардан қара үзіп кетті. Қыры кеткеннің **иті қырын жүгіреді** (мақал).

39. АТ КЕКІЛІН КЕСІСТІ – АУЫЗ ЖАЛАСТЫ

Ат кекілін кескен де, қатты айтып, ел өкпесін түгел жеткіз (М. Әуезов. Абай жолы). Бүгін **ауыз жаласып** отырсақ та, саған арнап бір тас тығып отырады (М. Әуезов. Қараш-Қараш).

40. АТ ҚҰЙРЫҒЫН КЕСТІ – ЫМЫРАҒА КЕЛДІ

Бөкен ел сөзіне құлақ қоя ма, жоқ бір жола **ат құйрығын кесіп**, жауласа ма (З. Шашкин). Мінді сөзді жұрт көрсетер, сөйтіп **ымыраға келерміз** де, бірлесіп іске кірісерміз (С. Мұқанов).

41. АТ ТӨБЕЛІНДЕЙ – ИТТЕН КӨП (ИТ ЫРҒЫН)

Төре дегені – хан тұқымдары. Олар бұл маңайда **ат төбеліндей** ғана үй (С. Мұқанов. Аққан жұлдыз). Мырзаларды қадірлейін десең осы күнде анық мырза жоқ, мал бергіш мырза **иттен көп** (Абай).

42. АТЫ ШЫҚТЫ – АТЫ ӨШТІ

Менінше, **аты шыққан адамды** көру оязға таңсық (С. Мұқанов. Балуан Шолақ). Ашаршылық дегеннің **аты өшті**. Қазір күнін көре алмай отырған үйді қаладан да, даладан да таба алмайсын (С. Мұқанов).

43. АТ ІЗІН САЛМАДЫ – АТ ІЗІН ҚҰРҒАТПАДЫ (СУЫТПАДЫ)

Міне, содан бері қазақ артистері біздің жаққа **ат ізін салуды** қойды («Қазақ әдебиеті»). Біреуіміздің енбек ақымызды әкей мен шешейге ай сайын жіберіп **ат ізін құрғатпай** қатынасып тұрдық («Жас Алаш»).

44. АУЗЫ-АУЗЫНА ЖҰҚПАДЫ – АУЗЫНАН СӨЗІ, ҚОЙНЫНАН БӨЗІ ТҮСТІ

Қара бұжыр әйелдің **аузы-аузына жұқпады** (Б. Майлин. Шығанақ). «**Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсті**» дегендей, қарадан-қарап тұрып-ақ, қысытып-қиқтап, біліп тұрғандарын жөндеп айтып бере алмады (Ө. Қанахин).

45. АУЗЫ АҚҚА ТИДІ – АУЗЫ КЕПТІ

Мұстапа: - Қазір, құдая шүкір, балаларымның **аузы аққа тиді**, аяқ артқышым да бар. . . – деп бойын кенге салады (Ғ. Мүсірепов). Соңғы кезде Судыр Ахметтің иті қырын жүгіріп жүр: сауып отырған сүті бұлақтай қараша інген жаман шөп жеп арам өлді. Балалардың **аузы кеуіп** ақсыз қалды (Ә. Нұрпейісов).

46. АУЗЫ АСҚА ЖАРЫМАЙДЫ – АУЗЫНАН АҚ МАЙ АҚТЫ

Ертеде өмірі ауы атқа тимеген, аузы асқа жарымаған бір кедей болыпты («Қазақ ертегілері»). Ағызып аузынан аппақ майды Пенде қылды елдегі болыс, биді (С. Торайғыров).

47. АУЗЫ БЕРІК – АШЫҚ АУЫЗ

Әлжан – аузы берік адам (Ғ. Мұстафин. Дауылдан кейін). Солдаттар Жылбектің ойына енді түсінді. Күзетшіні кекетіп: - **Ашық ауыз!** – деп атады (Ә. Шәріпов. Партизан қызы).

48. АУЗЫ ДУАЛЫ – БАЙЛАУЫ ЖОҚ

Балуанның езі тентектігін қойып, сол елдің үлгі айтатын биінің бірі бопты дейді, **аузы дуалы**, айтқанын халқы екі қылмайды дейді (С. Мұқанов. Балуан Шолақ). Өзіміздікі дей алмай өз малыңды, Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың. Көрсен қызар келеді **байлауы жоқ**, Бір күн тыртың етеді, бір күн бұртың (Абай).

49. АУЗЫ ЖЕҢІЛ – АУЗЫ АУЫР

Керімбала, жұрт **аузы жеңіл** ғой (М. Әуезов Абай жолы). Бұның **аузы** тіпті **ауыр** (Ғ. Мұстафин. Дауылдан кейін).

50. АУЗЫНА МАЙ – ЖАҒЫҢ ҚАРЫССЫН

- **Аузына май**, қарағым, нандық, қарағым! – деді шешем жасқа булығып. (С. Мұқанов. Тан. шығ.). - **Жағың қарыссын**, қатын, жағың қарысқыр-ау, жалғыз сиыр катса, сыныңа келерсің, - деп қонқа үйде жатып кейіді (Б. Майлин).

51. АУЫЗ БІРЛІК – АЛА АУЫЗ

Ауыз бірлік қыла ма, Ашулы болған кектісін (Жамбыл). Қонтайшы ордасында да **ала ауыздық** бар екенін ол білетін (І. Есенберлин. Жанталас).

52. АУЫЗ ЖАЛАСТЫ – АТ ҚҰЙРЫҒЫН КЕСІСТІ

Бүгін **ауыз жаласып** отырсақ та, саған арнап бір тас тығып отырады (М. Әуезов. Қараш-Қараш).

53. АШУ КЕЛСЕ – АҚЫЛ КЕТЕР

Ашу келсе – ақыл кетер, Ашудан ақыл көп болса, Ашу не етер (мақал).

54. АШУ ҚЫСТЫ – АҚЫЛҒА ЖЕНДІРДІ

Ашу қысып булыққаннан Әзбергенді бөктап жіберіп, қынынан сапыдай ұзын қара пышағын суырып алған (М. Әуезов). Сол жерде сен **ақылға жендірмесен** үлкен сойқан болатын еді («Жұлдыз»).

55. АШУ – ДҮШПАН, АҚЫЛ – ДОС

Ашу – дүшпан, ақыл – дос. Ақылыңа ақыл қос (мақал).

56. АШЫҚ МІНЕЗ – ТҰЙЫҚ МІНЕЗ

Түріне қарап татар демесең, тіліне қарап айыра алмайсың: «қайным» деп күлімсіреп тұратын елдегі **ашық мінезді** «мырза» женгелер сияқты (Б. Майлин). Ол көп сөйлемейтін бір тоға **тұйық мінезді** адам еді.

57. АЯЛАП ӨСІРДІ – ИТ ҚОРЛЫҚПЕН ӨТТІ

Жардан да ыстық елім бар, **Аялап** мені **өсірген**. Алтын алқап жерім бар, Игі, шексіз көсілген (С. Бегалин). Қамшыгер ит **қорлығын тартып** ұзақ жатты (О.Бөкеев. Қамшыгер).

58. ӘЛІ КІРДІ - ӘЛІ КЕТТІ (ҚҰРЫДЫ)

Көп жыл жасап қажыған, Денеме берік **әл кірді** («Халық ақындары»). Дорбаны сауып тыныштықсыз бір ай түгіл жыл өтті. Алтындай жүзі сарғайды, Қол дірілдеп, **әл кетті** (Абай).

59. ӘУЕЛ (ӘУ) БАСТА – АҚЫР СОҢЫНДА (АЯҒЫНДА)

Азаматты **әуел баста** еңбекке үйреткен кім? Мұғалім. Біздер мұғалімдер (М. Иманжанов). Көрінгеннің қолында кетіп, таудай боп үйілген балықтың **ақыр аяғында** түбі қылдырықтанып қалды (Ә. Нұршайықов).

60. БАҒЫ АШЫЛДЫ – СОРЫ АРЫЛМАДЫ

Біреулер Бибінің **бақыты** енді **ашылды** деп сүйсінді (Н. Әутәліпов). Күндікте жүрген әйел ең **Арылмаған** қалың **сор** (Ш. Иманбаева).

61. БАҒЫ ҚАЙТТЫ – ТАСЫ ӨРГЕ ДОМАЛАДЫ

Бір күнде бәрінің **бағы қайтқан**. Бәрі де баяғы аруағынан айырылған. Кешегі **тасы өрге домалап** тұрған кез осы Дутов сияк онда ан атаман канатының астына сыйып кеткендей күдіретті кісілер, енді бұл күнде Орынбор атаманынан өздері пана іздеді (Ә. Нұршайықов).

62. БАҒЫ АСТЫ – БАҒЫ ТАЙДЫ

Бағың асқан шағында, Құзғын салсаң қаз ілер. **Бағың тайған** шағында Тұйғын салсаң аз ілер (мақал).

63. БАҒЫ ТАЙДЫ – БАҒЫ ЖАНДЫ

Басынан **бақтың тайғанын**, Көрмейсің бе, ей ханым (Ш. Смаханұлы). Дәм үстіне тура келдің, жолың болады екен. Шахтер болсаң, **бағың жанады**, қарағым,- деді үйдегі ақсақал адам (Н. Ғабдуллин).

64. БАҒЫҢ ЖАНСЫН – БАҒЫҢ КҮЙСІН

Жақсы болып ер жетсе, Балапаны, бөпесі, **Бағы жанып**, анасы, Көкке тиер төбесі (С. Сейфуллин).

65. БАҚ ҚОНДЫ – БАҚ ТАЙДЫ

Өлді Оспан, Кетті шопан, Енді кім бар **бақ қонар?** (Абай). Ханның ісі қатайды, Азамат ерден **бақ тайды** (Махамбет).

66. БАЛА-ШАҒАҢНЫҢ ИГІЛІГІН КӨР – АҚША БЕТІҢ ТІЛІНСІН

- Бала-шағаңның игілігін көр, көп жаса, қарағым! – деді ол. Жазықсыз мені неге соқтың Баян, «**Ақша бетің тілінсін**», деп-ақ салды (Қозы Көрпеш – Баян сұлу).

67. БАС (БЕЛ) БАЙЛАДЫ – БАСЫН АЛА ҚАШТЫ

Сондықтан қауіп төнген күндерінде, Бір сен үшін өлімге **бас байлаған** (Ж. Саин). Қаратаз да алғашқыда болыс сайлауына түсуге жүрексініп, **басын ала қашты** (Ө. Нұршайықов).

68. БАС БАСЫНА БИ БОЛДЫ – БАС ҚҰРАДЫ (БІРІКТІРДІ)

Бас-басына би болған өнкей қықым, Мінекей бұзған жоқ па елдің сиқын (Абай). **Бас құрасып**, Мал сұрасып, Бермегенмен кетісер...

69. БАСЫ ҚАТТЫ – АЯҒЫ ТӘТТІ

Басы қатты болса, **Аяғы тәтті** болады (мақал).

70. БАУЫР БАСТЫ – ЖАТ БАУЫР БОЛДЫ

Бүкіл бір үйлі жанның ішінде Көркемтайдың **бауыр басып**, жақын көретіні жалғыз-ақ Нағима болды (С.Дөнентаев. Көркемтай). Сырымның жүргені аруақтың арқасы шығар. Қайтушы едің жатша қуып, **жат бауыр** ғып (М. Әуезов).

71. БАУЫРЫНА ТАРТТЫ – СЫРТ АЙНАЛДЫ

Бурыл сақал бай жанағылардың сәлемін алмай, күңкілдеп, наразы болып, **сырт айналып** барады (М.Әуезов. Шығ.). Көмексіз көзің, Бір жалғыз өзің, Баға алмай басың сандалар, **Бауырына тартқан**, Сырыңды айтқан Сырласың **сырт айналар** (Абай).

72. БЕДЕЛІ АРТТЫ – БЕДЕЛІ ТҮСТІ

Ақырында М хамеджанны байға **беделі артып** 1909-1910 жылдары оның сенімді адамы болады (Б. Кенжебаев). Мен, сіз айтқандай, мұғалімнің **беделін түсірдім** демеймін (М. Иманжанов. Алғашқы айлар).

73. БЕЙНЕТ КӨРДІ (ТАРТТЫ) – РАҚАТ ТАПТЫ

Тартқан бейнет, өткен жас Жүректің отын сөндірмес. Махаббат - өмір көркі рас, Өлген соң ол да үндемес (Абай). Лебіңнен кенет **рақат тапты** жаным (Қ. Бекхожин).

74. БЕЛ БАЙЛАДЫ – БОЙ (БАС) ТАРТТЫ

Соны ойлап қызыл жеміс мен таңдадым, Берсеңіз, жемек болып **бел байладым** (Абай). Мұндай елден **бойың тарт**, Мен қажыдым сен қажы! Айтып-айтып өтті қарт, Көнбеді жұрт, не лажы (Абай).

75. БЕС БИЕНІҢ САБАСЫНДАЙ – БІР ТҰТАМ

Тәртеуі де **бес биенің сабасындай** ірік-ірік еткен семіз кісі. Бірлігі қара басынан артылмас, халық жайын, қауым жайын өз тоқтығынан кейін ойлайтын білгірліктің құйрығы да, өтіріктің құйрығындай, **бір тұтам** (Ә.Т.).

76. БЕТ БАҚТЫРМАДЫ – ЫРҚЫНА КӨНДІ

Көпей бәйбіше осы тақырды тастап, бір түгі бар жерге көшейік дегенде де, Жұман **бет бақтырмаған** (Ғ. Мүсірепов). - Біздің әкеміз болса, өз әйелінің **ырқына көнген** момын кісі, - деп бір қойды (М.Әуезов. Абай жолы).

77. БЕТІ ҚАЙТТЫ – АЛДЫНА ЖАН ШЫҚПАДЫ

Бастапқы сөзден **беті қайтып** қалған үй иесі күбежеңдеп сөйлескісі келген пішін көрсетті де, ешнәрсе сұрай алмады (Ғ. Мұстафин. Шығ.). Алдына шыға алмады ешкім мұның, Бәрін де алды, қорқытты жолдағының, **Жан шықпады** алдынан, тоқтауы жоқ, Жер жүзін жеке билеп алмақшының (Абай).

78. БЕТІНЕН ОТЫ ШЫҚТЫ – БЕТІ БҮЛК ЕТПЕДІ

Сол арада **бетімнен отым шыққандай** болып ұялдым, бірақ онымен дауласайын ба, үндегенім жоқ (М. Әуезов. Шығ.). Тарт, Әзімбай, арсыз тілінді! Өкеннің аузы бармас арамдыкка **бетің бүлк етпей** сен басайын деп пе ең!? (М. Әуезов. Абай).

79. БЕТІНЕН ОТЫ ШЫҚТЫ – БЕТІ ШІМІРІКПЕДІ

- Қатарымнан ұялып, ол мектепке бармай қойдым, - деді қыз **бетінен оты шығып** (С. Адамбеков). Ерінің **беті шімірікпестен** момақансып отырған аярлығы Сағиланы жирендіріп жіберді (М. Иманжанов).

80. БЕТІНЕН ОТЫ ШЫҒУ – БЕТІ АЛЫН

Жиын есіне түскенде, **бетінен оты шықса** да, мұғалімнің сөзіне көнбесіне Бектайдың шарасы болмады (М. Иманжанов).

81. БОЙ АЛДЫРДЫ – БОЙ ЖИДЫ

Көп адам дүниеге **бой алдырған**, Бой алдырып, аяғын көп шалдырған. Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған (Абай). Құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, **бойын жиып** ала алмаған кісі, - тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі? (Абай).

82. БОЙ ТАРТТЫ – ЖАНЫН САЛДЫ

Ара ағайынмен, тағы арылам, екінші сөзім мына Айдардан **бойын тарт**, қолтығыңа алма, - деді сырттан Абайға (М. Әуезов. Абай жолы). Аты аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынына өкпе, араздыққа қарамайды екен, **жанын салысады** екен (Абай).

83. БОҚ МҰРЫН – ҚАТҚАН ТҰЯҚ

Ең ақыры әлгі менің **боқ мұрын** немерем де «ақын боламын» Алматыға барып, соның оқуын оқимын деп, күнде мазамызды алады (М.Иманжанов).

84. БҰЛ (БҰ) ДҮНИЕ – ОЛ (О) ДҮНИЕ

Жаңағыдай **бұл дүние** мен **ол дүниенің** берекесін бір-ақ берген хазіретке Құнанбай сол жиыннан қайтар шағында бір ат, бір түйе беріп, үйіне апарып салған (М. Әуезов. Абай жолы).

85. БҮЙРЕГІ БҰРДЫ – БҮЙРЕГІ БҮЛК ЕТПЕДІ

Мен білмейтін шығармын **бүйрегін** қайда **бұрып** келе жатқанын (С. Мұқанов. Ботагөз). Жаны ашымастың қасында басың ауырмасын деген емес пе, хал-жайымызды көріп-біліп отырып Заңғардың **бүйрегі бүлк етпеді** ғой («Жұлдыз»).

86. БІЛЕК СЫБАНЫП КІРІСУ – АЯҒЫН ҚИЯ БАСПАУ

Мен енді **білекті сыбанып** дегендей, сабақтарымнан қатты шұғылдануға кірістім (С. Мұқанов). Жау адымын ашырмай, **Аяғың қия бастырмай**, Томаға көз қыраным Көреді шолып қиырдан (Н. Байғанин).

87. ДӘМЕ ЕТТІ – ҮМІТ ҮЗДІ

... Кеудемде осы жүрек тұрған шақта, Жақсылық жоқ өзіме мен **дәме етер** (Абай). Мейманханада артық-кемі жоқ бір сағат күттім. Енді **үмітті** үзіп кетіп бара жатқанмын (Қ.Жұмаділов. Шарайна).

88. ДОС ЖЫЛАТЫП – ДҰШПАН КҮЛДІРІП

Дос жылатып айтады, **Дұшпан күлдіріп** айтады (мақал).

89. ДОС БАСҚА – ДҰШПАН АЯҚҚА

Дос басына қарайды, **Дұшпан аяғына** қарайды (мақал).

90. ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ – ДҮНИЕДЕН ӨТТІ (ДҮНИЕ САЛДЫ)

Арада жарым сағаттай өткен соң **дүниеге келген** баланың дауысы шыға қалды (С. Сыдықбеков). Күшікбай батыр жиырма бір жасында **дүние салған** екен (М.Әуезов. Қараш-Қараш).

91. ЕКІ АЯҒЫН БІР ЕТІККЕ ТЫҒУ – АЯҒЫН ӘРЕҢ СҮЙРЕУ

Келіншек Мейрамның **екі аяғын бір етікке тықты**. Сөзі тіпті заңды, дәлелді (Ғ. Мұстафин).

92. ЕНШІ АЛДЫ – ЕНШІ БЕРДІ

Оған бай қалың беріп, қатын әперді де, кейін **енші беріп** бөлек шығарды (С. Мұқанов).

93. ЕҢБЕГІ ЖАНДЫ – ЕҢБЕГІ ЕШ БОЛДЫ

Еңбегінің шамы **жанғанын** кім қаламайды дейсің. Өресін ойым соза алмай, **Еш** болып еді **еңбегім** (А. Токмағамбетов).

94. ЕҢБЕГІ ЖАНДЫ – АРАМ ТЕР БОЛДЫ

... Күніне неше бүлік шығарса да, **Еңбегі жанған** жан боп сүйінбейді (Абай). ... Төрт адам жүгі болсын арқасында **Болмасын** бекер ереке босқа **арам тер** (С. Сейфуллин).

95. ЕҢБЕГІ ҚАТПАҒАН – ТІСІ ШЫҚҚАН

Сын мен өзара сынды тісі шыққан оқушылар өз қолдарына алды (М. Хакімжанова).

96. ЕҢКЕЙГЕН ШАЛ – ЕҢБЕКТЕГЕН БАЛА

Сабантойға колхоздың **еңкейген кәрісі**, **еңбектеген жасы** – бәрі жиналыпты.

97. ЕҢСЕСІ КӨТЕРІЛДІ – МОЙНЫ ТҮСТІ

Қазір бойым сергіп, мүлдем **енсем көтеріліп** қалыппын! – деді Жаксымбет (М.Әуезов. Шығ.) Ойлап-ойлап патшаның **мойны түсті**, Құдайым көрсетті деп бұл бір істі (Абай).

98. ЕР ЖҮРЕК – ҚОЯН ЖҮРЕК

Орыстың **ер жүрек** ғалымдары жүздеген жылдар бойы шөл және жартылай шөл жерлерді зерттеп меңгеруге көп көңіл бөліп келді (Ә. Кәкімжанов). Әйкең мен түспеймін десе, Сапардың **қоян жүрексін** дегелі тұрғанынан именіп, сыр бермей бақты (М. Иманжанов).

99. ЕР ЖҮРЕК – СУ ЖҮРЕК

Жасаулы жаудан бұрылмай, **Ер жүрек** жомарт құбылмай... (Абай). Сен **су жүрек** қоркаксың (А. Бек).

100. ЕРТЕ ЖАТТЫ – КЕШ ТҮРДЫ

Жалғыз қатын – Зейнеп сұлу., Байды кеткен билеп сұлу. **Ерте жатып, кеш тұрады**, Еркіншілік ойнап-күлу (Б. Майлин).

101. ЕСЕБІ БАР –ЕСЕБІ ЖОҚ

- Мынау бізді неге шақырды екен? –Қайдам бір **есебі бар** шығар? (Ә. Нұрпейісов). Мүсәпір, жарлы адамды, Токтарбай жиып алыпты, **Есебі жоқ** дәулетті, Тойға келген елдердің, Ортасына салыпты (Н. Байғанин).

102. ЕСЕСІ КЕТТІ – ЕСЕСІН ҚАЙТАРДЫ

Телміріп жүріп әрқайда, Талайға **кетті есеміз** (Ғ. Орманов). Деді әйел Гүлжамал, «Батыр» басын шайқады, Күбір етті, бар ма амал, Бұл да **есесін қайтарды** (Ғ. Қайырбеков).

103. ЕСІН ЖИДЫ – ЕСІНЕН АДАСТЫ

Мен осы ауруханада медбибі болып істеймін, Махмұт аға! Қазір кісі жіберуге болмайды. Қайтқандарыңша **есін жиса**, бастықтардан рұқсат алып көрсетер едім, - деді Шакизат («Жас Алаш»). Сасқан Асқар жүгіріп келе жатыр еді, маңдайы ашаға тарс ете түсіп, **есі ауып** қала жаздады, көзінің оты жарк ете түсті (С. Мұқанов. Жұмбақ жалау).

104. ЕСІН ЖИДЫ – ЕСІНЕН АЙЫРЫЛДЫ

Дорбаны беріп жоғалды, Аң-таң қылып байғұсты, **Есін жиып** алған сон, Дорбаға кедей жабысты (Абай). Өмірде винтовканың дауысын естіп көрмеген жұрт аспан жарылып үстіне құлағандай **есінен айырылып** өңі екені, түсі екендерін білмей кетті (Ә. Әбішев).

105. ЕСІНЕ ТҮСТІ – ЕСІНЕН ШЫҚТЫ

Қайғы ғып болмайды, Өкпелеп білмеске. Сүйтсе де оңбайды, Бұрынғы **түсті еске** (Абай). «Жоғары шыққа» қарқ болып, тамақ, киім, борыш **есінен шығып** кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алады (Абай).

106. ЕСІК КӨРГЕН – БЕСІК КӨРГЕН

Ақбота, қанша дегенмен, **есік көрді** ғой деп айтады деген күрсініс бар екен (Ғ.Мүсірепов. Қазақ солдаты).

107. ЕТЕК ЖАЮ – ТАМЫРЫНА БАЛТА ШАБУ

...Өкпелемей жаман күйеу түс келгенде, Болмасын **етек жайды** бозбалаға (Бұхар жырау). Демек, мұның **тамырына балта шабу** керек (З. Кабдолов).

108. ЕТІ АУЫРМАДЫ – ШЫМБАЙЫНА БАТТЫ

Уайым — аз, үміт — көп, **Ет ауырмас** бейнетке. (Абай). Сөздің **шымбайына батқаны** соншалық, Сарыбайдың өңі күйген кірпіштей қызарып кетті (Қ.Жұмаділов. Шарайна).

109. ЖАҚСЫ КӨРДІ – ЖЕК КӨРДІ

Осы мен өзім қазақпын, Қазақты **жақсы көрем** бе, **жек көрем** бе (Абай).

110. ЖАЛАҢ АЯҚ ЖАРЛЫ – КӨН ЕТІКТІ

Қарсы менен күрзіге **Жалаң аяқ** жар кешіп, Бөз тоқыған едің (Бұхар жырау). Көн етікті демесең, Көпті бұзар сөзім бар (Ш. Смаханұлы).

111. ЖАМАНЫН ЖАСЫРЫП – ЖАҚСЫСЫН АСЫРЫП

... Қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегенін жетілтемін деп, **жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын** деп тырысады екен (Абай).

112. ЖАНЫН БЕРДІ – ЖАНЫН САТТЫ

Онда оны алдайды, мұнда мұны, **Жанын берсе** табылмас сөздің шыны... Баяғы қулық, бір алдау, Қысылған жерде **жан жалдау** (Абай).

113. ЖАНЫН САЛДЫ – БОЙ ТАРТТЫ

Мұндай адамды өз жұмысына **жанын салады**, жақсы көреді деп мақтауға да болады, өмірдің өзге тілектерінде жұмысы жоқ деп кінәлауға да болады (Ғ.Мұстафин. Танд. шығ.).

114. ЖАТ ЖЕР – ТУҒАН ЖЕР

Жалғыз жалау жалтылдап, Тұманды теңіз өрінде, **Жат жерде** жүр не іздеп, Несі бар **туған жерінде** (Абай).

115. ЖЕМ БОЛДЫ – АҚЫСЫН ЖІБЕРМЕДІ

Малдылар колдағы құдай берген азды-көпті дәулеті қызықсыз көрініп, оның ұры-беріге **жем болып**, қарға-жарға ұшырауына шыдайды (Абай). Ереуіл атты ер Сақым, Ерткен кедей баласын, **Жібермеді** жауға **ақысын**, Жегілдіріп шаласын (Ө. Тұрманжанов).

116. ЖЕР ЖЕБІРІНЕ ЖЕТТІ – АСПАНҒА КӨТЕРДІ

«Сорлы күң, саған да шалжиып отыру керек пе», - деп кеше ғана **жер жебіріме жетті** (М. Әуезов). Біреулер Қасымды ешбір мінсіз, ерекше жаралған ақын деп **аспанға көтеріп**, бірыңғай мақтау жолына салынады (Е. Ысмайылов).

117. ЖОЛЫҢА ГҮЛ БІТСІН – ЖОЛЫҢА ЖУА ШЫҚСЫН

- Келмейді ол. Келуші ме еді? – деді күйеуіне деген ызасын жасырмай. – **Жолына жуа біткір!** (Қ.Жұмаділов. Шарайна).

118. ЖӨН КӨРДІ – АРТЫҚ КӨРДІ

Жалбарынып күн көріп, Жакынын сатып, **жөн көріп**, Қалтаң-құлтан амалдар (Абай). Алмагүл бұдан кейінгі сөзді **артық көріп**, төмен қарап тұнжырап отырып қалды (Н. Ғабдуллин).

119. ЖҰМҒАН АУЗЫН АШПАДЫ – АУЗЫ-АУЗЫНА ЖҰҚПАДЫ

Мұхамедияр **жұмған аузын ашпады** (С. Мұқанов. Танд. шығ.). ...Дей алмасаң онда міне, тыңдай бер, - деп анау тіпті **аузы-аузына жұқпай** шұбыртып жөнелді (Б. Қыдырбекұлы).

120. ЖҮРЕГІ АЛЫП ҰШТЫ – ЗӘРЕСІ ҰШТЫ

Жүрегі алып ұшып, дірілдеп келіп отырды Жанаттың қасына (Ғ.Мұстафин. Миллионер). Осы күні Ақбала қатты кіржисе де **зәресі ұшып** (Еламаннның) қоя береді (Ә. Нұрпейісов).

121. ЖҮРЕГІНІҢ ТҮГІ БАР – СУ ЖҮРЕК

Бодаубек (Марияға): Менің **жүрегімнің түгі бар** (Ғ. Мұстафин).
Дәндібайдан гөрі тәуекелі мол, әлі де көкірегі зор Дәркембай: - Е, қойшы, **су жүректене** бермей! (М.Әуезов. Абай жолы).

122. ЖҮРЕК ЖҮТҚАН – СУ ЖҮРЕК

Құнанбайдың **жүрек жүтқан** ерлігі, айла-тәсілі өзінен-өзі аттамай-ақ әйгіленіп жатты (М.Әуезов. Абай жолы). Мұрат **су жүрек** корқак адам болатын («Жұлдыз»).

123. ЖЫМДАЙ ҚЫЛДЫ – АЗАН-ҚАЗАН ҚЫЛДЫ (БАСЫНА КӨТЕРДІ)

Гудоктың күшті даусы шахта маңындағы барлық дыбысты **жымдай қылды** (Ғ. Мұстафин. Дауылдан кейін). Дабырлаған адам, кісінеген жылқы, мәңгіреген сиыр, маңыраған қой бәрі қосылып түбектегі жиырма шақты үйді **басына көтеріп** барады (Б. Майлин).

124. ИМАНЫ ЖОҚ – ИМАН ЖҮЗДІ

Кімнің ұяты жоқ болса, соның **иманы да жоқ** (Абай. Тол. жин.). Осындай **иман жүзді** адамдар да көп екен ғой (С. Мұқанов. Мөлдір махаббат).

125. ИНЕНІҢ ЖАСУЫНДАЙ – АТАН ТҮЙЕДЕЙ

Ойымызда **иненің жасуындай** да кінәрат жоқ.

126. ИТ АРҚАСЫ ҚИЯНДА – ТАЯҚ ТАСТАМ ЖЕР

Сонау **ит арқасы қияннан** қалың әскермен сапар шегуге Ақ Орда ханы мәжбүр болған-ды (І. Есенберлин. Жанталас). **Таяқ тастам** ел. Салынған шошак маялар жиі (Ғ. Мұстафин. Шығанақ).

127. ИТ МІНЕЗДІ – ҚОЙ АУЗЫНАН ШӨП АЛМАС

Жас баладай жеңсік қой, Байлаулы емес ақыл, ой, Ойлағаны айт пен той, ыржаң-кылжаң **ит мінез** (Абай). Әбдірәбидің әкесі – **қой аузынан шөп алмас** момын адам (Ж. Шәкәрімов. Үш дос).

128. ИТ ӨЛГЕН ЖЕР – АТ ШАПТЫРЫМ ЖЕР

Ақмола мен Қарталының **ит өлген жер** арасы (Ғ. Мүсірепов. Белдерде). Нақ қазір Шокан бетін жуып отырған Шанхай өзені осы таудың кеудесінен жарып шығады. Осы отырған тұстан **ат шаптырым жерде** бұлақ бар (С. Бегалин).

129. ИТ ӨЛГЕН ЖЕР – ҚОЗЫ КӨШ ЖЕР

Сонау ит өлген жерден малымды кемпіріме қалдырып, баламды өздерің сияқты азаматтарға тапсырып кетейін деп келіп ем (М. Дүйсенов. Меймандар). Ұлжан ауылы және соның қасында Абай аулы Байқошқарда. Осыдан қозы көш жерде болатын (М. Әуезов).

130. КЕЖЕГЕСІ КЕЙІН ТАРТТЫ – ЖАНЫН САЛДЫ

Кейбір күндері өзімді-өзім зорлап, қаламымды қолыма алмасам, **кежегем кейін тартады** да тұрады (С. Мұқанов. Мөлдір махаббат). Жігіттер **жанын сала** кимылдап, ауыр жұмысты лезде-ақ бітіріп тастады.

131. КЕГІ КЕТТІ –КЕГІН АЛДЫ

Асыл ердің баласы Аз ұықтар да көп жөрттар, Дұшпанға кеткен **кегі бар** (Махамбет). ...Жек көріп алғаннан соң, көріне жау боп, **Кегін алса** болмай ма сыпыра жалмап (Абай).

132. КЕҢ ПЕЙІЛ – ТАР ПЕЙІЛ

Күнкедей емес, Ұлжан қонақуар, **кең пейіл**, мырза (М.Әуезов. Абай жолы). **Кең пейілдің** ішінде кен жатады, **Тар пейілдің** ішінде тас жатады (мақал).

133. КӨЗГЕ ТҮСТІ – КӨЗДЕН ТАСА БОЛДЫ

Шырайлымның **көзге түсіп**, жұрттын аузының суын құртып жүрген кезі (Б.Майлин. Шұғаның белгісі). Алексей киімдерін асыға киіп далаға шыкса, қыздар **көзден таса болған** екен (С. Мұқанов).

134. КӨЗ АЙЫРМАДЫ – КӨЗІНЕ ІЛМЕДІ

Абай үлкен столдың жанына қойған екі үлкен жастыққа көлденең түсіп, шынтақтап жатып Еспергеннен **көз айырмайды** (М.Әуезов. Абай жолы). Атаман оларды **көзіне ілетін емес**, шалқасынан жатқан күйі қалды (Ә. Өбішев).

135. КӨЗДІ АШЫП ЖҰМҒАНША - ӨГІЗ АЯҢ

Ақыры, **көзді-ашып жұмғанша** үш жыл өте шықты. - **Өгіз аяң** дегенге **өгіз аяң**, Аяңға жеткізе ме қашқан қоян, - деп әндетті де жантая кетті Таймас (Ғ.Мұстафин. Дауылдан кейін).

136. КӨЗІ АШЫЛДЫ – СОРЫ ҚАЙНАДЫ

Өлгі азаматтар талайдың **көзін ашты** (Ә.Ибрагимов. Айтылмай жүрген әңгіме). **Соры қайнаған** халықты басқыншылардан азат етеміз, өз алдымызға жеке ел болып, етек жабамыз деп алысқан жоқпыз ба? (Қ. Жұмалілов. Шарайна).

137. КӨЗІ ТІРІ – КӨЗІ ЖОҚ

Қарагөздің **көзі тірі** ме? (М.Әуезов. Қарагөз). Өзі жоқтың **көзі жоқ** (мақал).

138. **КӨЗІНЕ КӨК ШЫБЫН ҮЙМЕЛЕТТІ – КӨСЕГЕСІН КӨГЕРТТІ**
Көзіне көк шыбын үймелетіп, онсыз да тұралап жатқан аш-арыққа осынша қаталдық қылатын не қысасы бар екен өңшең оңбағанның? (М.Әуезов. Абай жолы). **Көсеген көгеріп, көрпең ұлғайсын** (мақал).

139. **КӨЗІҢНІҢ ОТЫ ӨШСІН – КӨЗІҢНІҢ ШЫРАҒЫ ЖАНСЫН**

140. **КӨҢІЛ БӨЛДІ – КӨҢІЛІ СУЫДЫ**
Сәулең болса кеуденде, Мына сөзге **көңіл бөл** (Абай). Жанботаның **көңілі суыған** (Ғ.Мұстафин. Шығанақ).

141. **КӨҢІЛ БӨЛДІ – МӘН БЕРМЕДІ**
Сізге ғылым кім берер, Жанбай жатып сөнсеңіз? Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға **көңіл бөлсеңіз** (Абай). Тайман бұл сөзге жөнді **мән бермей** дұрыс дей салған (З. Қабдолов).

142. **КӨҢІЛІ КӨНШІДІ – КӨҢІЛІ ТОЛМАДЫ**
Қалай, **көңілің көншіді** ме? (О.Бөкеев. Қамшыгер). ...Көріп алсаң көріктіні, Тандап алсаң тектіні, Сонда да **көңіл толмай** ма? (Абай).

143. **КӨҢІЛІ ЖАЙ ТАПТЫ – ІШКЕН АСЫ БОЙЫНА ТАРАМАДЫ**
Кейін қалған жас бала, Күдер үзіп біздерден **Көңілі** қашан **жай табар** (Махамбет). Біреу-міреудің көзіне түсіп қалып мерт бола ма деп, **ішкен асым бойыма тарамды** (С. Омаров).

144. **КӨСЕГЕҢ КӨГЕРСІН – КӨСЕГЕҢ КӨГЕРМЕСІН**
Шырағым, **көсегең көгерсін, өркенің өссін, көп жаса!** (А. Токмағамбетов).

145. **КҮЛЕ КІРІП – КҮҢІРЕНЕ ШЫҚТЫ**
Мен өмірімді **күле кіріп, күңірене шығатын** жәдігөйлердің құшағынан гөрі, адал достарымның табанында өткізгенді артық көремін, - деді Ноян (Ә.Әбішев. Шығ.).

146. **КҮЛЕ ҚАРАДЫ – АЛА КӨЗІМЕН АТТЫ**
Күле қарап ұсынды гүл келіншек, Еркіндікке отыр екен ел шөлдеп (С. Мәуленов). - Өзім дербес алам, - деп Қарақатын жанында тұрған жұрттын брінен қызғанып, **ала көзімен ата** бастады (Ә. Нұрпейісов).

147. **КҮН БАТТЫ – КҮН ШЫҚТЫ**
Күн де батты, бір жерге Өзім жатты... (Абай).

148. **КҮНІ ТУДЫ – КҮНІ ӨТТІ**
Күнім туар болса, осының үшін көзіңді ақитып тұрып ағызармын бәлем! (М. Әуезов). Тау кезіп, тасқа өрмелеп, жалғызымның **күні өтеді** (Ғ. Мүсірепов).

149. КҮШІ ҚАЙТТЫ – КҮШІ ТАСЫДЫ

Мужиктің әлі құрып, **күші қайтты**, Кәрілік келіп күн саын кірбін тартты (М. Әлімбаев). Парияның ұрпағы! Құртқан сайын жауларын Құрыштай **күші артады** (Жамбыл).

150. ҚАБАҒЫ АШЫЛДЫ – ҚАБАҒЫҢ ШЫТТЫ

Үйдегі еркектер түгелімен **қабақтары ашылып**, қоса күлісті. Әбішпен бас изесіп, жамырай күлісті (М.Әуезов. Абай жолы). Абай бұл сөздерді жактырмай, енді **қабағын шытынып**, мойнын теріс бұрып, амалсыз тыңдап отыр (М.Әуезов. Абай).

151. ҚАБАҒЫҢ АШТЫ – ҚАБАҒЫҢ ТҮЙДІ

Адастың, Жақып! Адаспа, қайт! Тұнжырама, **аш қабағыңды!** (Ғ. Мұстафин). Байсал Абайға **қабағын түйе** қарады (М. Әуезов).

152. ҚАБАҒЫНА ҚАР ЖАУУ – ҚАБАҒЫ АШЫЛУ

Жұмысының нәтижесіне қарай Дулат кейде жайдары, кейде **қабағынан қар жауып**, түнеріп шығады (Қ.Жұмаділов. Шарайна). Үйдегі еркектер түгелімен **қабақтары ашылып**, қоса күлісті (М.Әуезов. Абай жолы).

153. ҚАБЫРҒАСЫ ҚАЙЫСТЫ – ЖАНЫ АШЫМАДЫ

Құнанбай бұған шейін ашумен, зілмен кеп, енді осы тұста күйзелгендік күй көрсетіп, осымен жиынның **қабырғасын қайыстырғысы** келген (М.Әуезов. Абай). Бөтен болса бір сәрі, туысың емес пе, неткен **жаны ашымайтын** без бүйрек едің! – деді булығып... («Жұлдыз»).

154. ҚАМ КӨҢІЛ – ШАТ КӨҢІЛ

Қам көңіл Нарша қоныр сарынмен анырап кеп, ұзақ өлеңдетті (Т.Әлімқұлов. Ақбоз ат). Тайман **көңілі** де **шат**, Надядан тіпті ұялмайды, имезбейді, тек қана сыйлайды. Жаксы көреді, аяйды (З. Қабдолов).

155. ҚАНЫ КЕПТІ – СУСЫНЫ (ШӨЛІ) ҚАНДЫ

Жалғыз-ақ шөлде жатқан мен бір зарлы, **Қан кеуіп**, қайрат кетіп, қиналды жан (Ғ. Малдыбаев). ...Суындай Әбілхаят шөлден ішкен, Лебізі **сусыныңды қандырғандай** (І. Жансүгіров).

156. ҚАРҒА АДЫМ ЖЕР – ИТ ӨЛГЕН ЖЕР

Қара арғымақ арыса, **Қарға адым жер** мұң болар (Мақал). Сонау **ит өлген жерден** малымды кемпіріме қалдырып, баламды өздерің сияқты азаматтарға тапсырып кетейін деп келіп ем (М. Дүйсенов. Меймандар).

157. ҚИСЫНЫ КЕЛДІ – ҚИСЫНЫ КЕТТІ

Сөз **қисыны келгенде** айта кетейік, Тайыр Жароков әркашан да тек қазіргі өмір жөнінде ғана жазады (М. Қаратаев). Қызығы кеткен ел бағып **Қисыны кеткен** сөз бағып... (Абай).

158. ҚОЙ АУЗЫНАН ШӨП АЛМАС – ЖҮРГЕН ЖЕРІНЕН ШӨП ШЫҚПАС

Қой аузынан шөп алмас, Қоңырқай момын мен болам (Н. Байғанин).

159. ҚОЙ ҮСТІНДЕ БОЗТОРҒАЙ ЖҰМЫРТҚАЛАДЫ – АҚЫР ЗАМАН ТУДЫ

«Қой үстіне бозторғай жұмыртқалатам», - депті Ленин. Рас па, Шөкенжан? (Ғ.Мұстафин. Дауылдан кейін). Көп байға жаңа туды ақыр заман, Дүниеде іс бола ма бұдан жаман... (И. Байзақов).

160. ҚОЛЫ ҰЗЫН – ҚОЛЫ ҚЫСҚА

Құнанбайда әкімдік бар. Сыртқа да, ұлыққа да жақындық бедел бар. Әрі қолы ұзын, малды (М.Әуезов. Абай). Құсөкеннің қолы қысқа ғой. Көжекатық, отын-суына карасып тұрамын (Қ.Жұмаділов. Шарайна).

161. ҚҰДАЙ АЛДАРЫҢНАН ЖАРЫЛҚАСЫН – ҚҰДАЙ ЖҮЗІН КӨРМЕГІР

162. ҚҰДАЙ БАҒЫҢДЫ АШСЫН – ҚҰДАЙ ЖАЗАҢДЫ БЕРСІН

163. ҚҰДАЙ ЖОЛЫҢДЫ ОҢАРСЫН – ҚҰДАЙ СОҚҚЫР

164. ҚҰДАЙ ЖАР БОЛСЫН – ҚҰДАЙ АТСЫН

165. ҚҰДАЙ ПЕЙІЛ ТІЛЕГІҢДІ ЖАРЫЛҚАСЫН – ҚҰДАЙ ТАС ТӨБЕҢНЕН ҰРСЫН

166. ҚҰДАЙ ПЕШЕНЕҢДІ АШСЫН – ҚҰДАЙ СІЛЕГІР

167. ҚҰДАЙ ТІЛЕУІҢДІ БЕРСІН – ҚҰДАЙ ТАПСЫН

168. ҚҰДАЙ ҰЗАҒЫНАН СҮЙІНДІРСІН – ҚҰДАЙ ЖҮЗІН КӨРМЕГІР

169. ҚҰЛАҚ САЛДЫ (ҚОЙДЫ) – ҚҰЛАҒЫНА КІРІП ТЕ ШЫҚПАДЫ

Құлақ қойып үндемей келе жатқан Жамал жаяудың айласын естігенде, еріксіз күліп жіберді (Ғ.Мұстафин. Шығанақ). Бағанадан бері айтылып жатқан ұлағатты сөз, ақыл-кеңес оның құлағына кіріп те шықпады («Жұлдыз»).

170. ҚҰР ҚАЛДЫ – ҚАРҚ БОЛДЫ

Өлең жиған тырбанып, ән үйренген ырғалып, Сорлы Көкбай қор болды-ау. Осыншадан құр қалып (Абай). — ауылыма келіп мұндағы үлкен аға кіші ініні өнеріне қарық қылып барасың. Қайда жүрсең жолың болсын,-деді Ұлжан Біржанға (М. Әуезов).

171. ҚЫЗЫҚ КӨРДІ – ЖАПА ШЕКТІ

Тұрмыстан қызық көріп ләззат алмай, Есімде жалғыз ғана ана сүті
(Ж. Саин). Абай ұлыққа: - Халық мықты жауыздардан ұдайы зорлық көріп,
теңдік таба алмай жапа шегеді, - деп сөйледі (М.Әуезов. Абай).

172. ҚЫРҒИ ҚАБАҚ БОЛУ – АРАСЫНАН ҚЫЛ ӨТПЕЙДІ

Баймен екеуіміз әбден қырғи қабақ болып алдық (С. Көбеев).
Базардан алып келген күміс құман, Жігітті адастырған қалың тұман. Арадан
қыл өтпестей тату едік, Біздерді араз қылған қай ант ұрған
(Х. Әбішев).

173. МЕРЕЙІ ӨСТІ – САҒЫ СЫНДЫ

...Туды деп оңымнан күн, солымнан ай, Халықтың мерейі де өсе түсті
(О. Шипин). Батыры өліп, сағы сынған жау одан әрі сабыр таппай қаша
береді (Ғ.Мұстафин. Шығанақ).

174. МОЙНЫ БОСАДЫ – ҚОЛЫ ТИМЕДІ

Бейнетқорлардың мойны босайтын күн туды (С.Сейфуллин. Шығ.).
Өленмен ала жаздай жол тимеді. Жиюға қыстық азық қол тимеді
(Ө. Тұрманжанов).

175. МҰРАТЫҢ ҚАБЫЛ БОЛСЫН – МҰРАТЫҢ ЕШ БЕРМЕСІН

Ойлаған мұратың қабыл болсын, шырағым. өркенің өссін!
(А.Токмағамбетов).

176. МҰРНЫН КӨККЕ КӨТЕРДІ - ҰНЖЫРҒАСЫ ТҮСТІ

Кенжетайдың айтуынша, ол Құзғынбаев мұрнын көкке көтерген
тәкалпар (С.Мұқанов. Ботагөз). Бір бейнетке шыдамай осынша ұнжырғасы
түсіп, Балуанды күндеп осынша азғаны несі (С. Мұқанов).

177. МІНЕР ЖАҚ – ҚАМШЫЛАР ЖАҚ

Нардын түрі жүдеу, бүйірі солып, өркеші қамшылар жағына қисая
бастаған (ЛЖ).

178. НИЕТІ АҚ – НИЕТІ ҚАРА

...Бүкпесі, қалтқысы жоқ, тілі ұзын, ниеті ақ, екпінді, ескі шахтердің
мінезі мәлім (Ғ. Мұстафин). Қан сорғыш қара жылан қалды өліп, Ақыры өз
түбіне өзі жетті. Қашаннан қара ниет қанға жерік (Ө. Тұрманжанов).

179. ОЙМАҚ АУЫЗ – САЛПЫ АУЫЗ

Оймақ ауыз, күлім көз ақ құбаның ең көріктісі (М.Әуезов. Шығ.).
Олармен қоштасып, ауылда Танабай үйінде еркектерден тек салпы ауыз
Әбділдә мен жабысқақ Мияш қана қалды (С. Сейфуллин).

180. ОҢ БАТА – ТЕРІС БАТА

Базарбайдың **он батасын алған** Сансызбай мұрат-мақсатына жетсе, **теріс батасын алған** Төлеген мерт болды (М. Әуезов).

181. ОҢ ЖАҚ (БОСАҒА) – ЖАТ ЕСІК

Керімбала – бұл күнде осы үйдегі Тобықты қызының ішінде **он жақта** ең көп отырғаны (М.Әуезов. Абай жолы). **Жат есікті** және қорып, Жара салма сен маған. Жұрт жамандар жатқа жорып, Жалынамын мен саған (Абай).

182. ОТПЕН КІРІП, КҮЛМЕН ШЫҚТЫ – ШЫБЫҚ (БҰТА) БАСЫН СЫНДЫРМАДЫ

Бұлар баяғыдан **суынмен кіріп, күлінмен шыққандар** (М.Әуезов. Абай). Болат жасынан **шыбық басын сындырмай** бұла болып өскен жігіт еді («Жұлдыз»).

183. ӨЗЕГІ ТАЛДЫ – БҮЙІРІ ШЫҚТЫ

Өзен жағалағанның **өзегі талмайды**. Көк шөпке **бүйірі шыға** тойып, монтиған қозы, лақтар балаларды көрген соң маңырай үн қатты (С. Баязитов).

184. ӨЛІ АРУАҚ – ТІРІ ЖАН

Судыр Ахмет Ақбалаға да: «Шырағым, тие берсін де! **Өлі аруақ** артында қалған адамнан дұға дәметеді», - деп зарлап отырып, бір-екі рет тие берсін айтқызып еді... (Ә. Нұрпейісов).

185. ӨЛІ СҮЙЕК – ЕТІ ТІРІ

Сүйдірген сені маған теріс аяқ, Бір-бірі саусағыңның жуан таяқ. **Өлі сүйек**, өлексе, өлімтік қып, Құдайым саған берген аямай-ақ (С. Торайғыров). Өз ішінен ол Бақтығұлды ер жігіт көретін. Бүгін, сөз білетін, орнымен ұстаса, көп керекке жарайтын **еті тірі**, есті кедей екенін байқап отыр (М.Әуезов. Қараш-Қараш).

186. ӨНІ КІРДІ - ӨНІ ҚАШТЫ

Кенеттен **өні кірді** жас баладай, Жүгірлі түсе сала атқа қарай... (И. Байзақов). Зылика бүгін көңілсіз, көңілсіз болғанда жайшылықтағыдай емес, бүгін өзгеше: **өні қашып**, жак жүні үрпиіп, берекесі кетіп отыр (Б. Майлин).

187. ӨРКЕНІҢ ӨСКІР – ЖЕЛКЕҢ ҮЗІЛГІР

Айналайын келінжан, **өркенің өссін!** (М.Әуезов. Абай). ...Иттей қормын, Зармын. Сен **үздің** ғой бұл желкемді (Абай).

188. ӨРКЕНІҢ ӨССІН -- ТҰҚЫМЫҢ ҚҰРҒЫР

- Уа, **өркенің өссін**, әнші бегім! Біздің көңілімізді көтерсең, сенін көңіліңді құдай көтерсін! – деп карт шеше тіссіз иегін шошаңдата сөйледі (М. Әуезов). Әй, **тұқымын құрғыр**, омай, о несі екен, қайта-қайта шулап! Ал, жеп қоярсың! – деді Шәлтік (М. Әуезов).

189. **ПАЙДА АЛДЫ – ҚҰР ҚАЛДЫ**

Колхоз өткен жылы 70 биенің қымызынан 118 мың сом **пайда алды** (С. Мұқанов). Ұялған сыбағасынан **құр қалады** (Мақал).

190. **ПАЙДА ТАПТЫ -- ШЫҒЫНҒА БАТТЫ**

«Горный гигант» колхозы алма сатудың өзінен төрт миллион сомға жақын **пайда тапты** (С. Мұқанов). ...Бәріні көріп кісіден, **Шығынға әбден батады** (Абай).

191. **САБЫР ЕТТІ -- ДЕГБІРІ ҚАШТЫ**

Тарығып келген екенсің, шырағым. **Сабыр ет**. Шектен де асқан шығар, сонда от алып, қамысқа кіргенмен, не табасың? (Ғ.Мұстафин. Дауылдан кейін). Айқай көтеріліп бара жатқан соң, ас иесі Бекпембеттің **дегбірі қашқандай** болып, өңі сұрлана түсті (Ғ. Сыланов).

192. **САБЫР ҚЫЛДЫ -- САБЫРЫ ҚАЛМАДЫ**

Сап-сап, көңілім, сап көңілім! Сабыр түбі – сары алтын **Сабыр қылсаң** жайыңды Біле ме екен бекзатым (Абай). ...Раушан жүзінді көргенде Сәулем-ай, **сабырым қалмас** (Халық өлеңі).

193. **САЛТ БАСТЫ – ҮЙЛІ-БАРАНДЫ**

Салт басым, сабау камшым болса, Асқардың жолында өлер ем (С. Мұқанов). Масакбай бұл кезде **үйлі-баранды** боп қалған (С. Мұқанов).

194. **САНЫН СОҒЫП ҚАЛДЫ – ҚАПЫ ЖІБЕРМЕДІ**

Казанцев, **санын** бір **соқты** да, әйеліне бұрыла беріп: - Провалили! – деді (М.Әуезов. Ақын аға). Күләндә солдаттарға қосылып алда бара жатса да, кейінірек келе жатқан Ержанның бар кимылын **қапы жібермеді** (Т. Ахтанов).

195. **СЕРТКЕ ЖЕТТІ – СЕРТТЕН ТАЙДЫ**

Ризамын, жан сәулем, **сертке жетсең**, Ғашығыңды өзің біл зар еңіретсең (халық өлеңі). Уә, Бәбек, кеткенің бе **серттен тайып**, Жарың жүр қанды жасы көл боп ағып (Ғ. Сыланов).

196. **СОҚҚЫ ЖЕДІ – СОҚҚЫ БЕРДІ**

Мен **көрдім** талай **соққы**, талай тепкі, Жазықсыз нелер боктық еттен өтті (С. Дөнентаев). Рудиев отрядының жауға **берген соққысында** есеп жоқ (С. Мұқанов).

197. **СОРЫ СОРПАДАЙ ҚАЙНАДЫ – КӨЗІ АШЫЛДЫ**

Әйелін оқып алып өзіңмен ит жығыс түсіп, «е!» десең, ме!» деп отырса, **сорын қайнап**, **сорпадай** төгілді де, күнін қараң болды де! (Қ. Тайшықов). Жыл сайын, ай сайын, кейде тіпті, күн сайын көргеніміз бір тепкі. **Көз ашылар** бар ма сірә, бұл дерттен – деді Әбді Абайға (М. Әуезов).

198. СӨЗ КЕЛТІРДІ – ШАҢ ЖҰҚПАДЫ

Мактан үшін қайратсыз болыс болмақ, Иттей қор боп өзіне **сөз келтірмек** (Абай). **Шаң жұқпас** шашасына саңлақ едім (Жамбыл).

199. СӨЗІН ҚАЛТ ЕТКІЗБЕДІ – ҚҰЛАҚ ҚОЙМАДЫ

Шопандар Баршагүлдің **сөзін қалт еткізбейтін** (Ғ. Сыланов). Қазақтың шын сөзге нанбай, **құлақ та қоймай**, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай кетпейтұғыны қалай (Абай).

200. СУ ЖАҢА – ҚЫРЫҚ ЖАМАУ

Су жаңа көк «Волга» алып, мәре-сәре болып қалдық. **Қырық жамау** түйе жүн күпісінін қалтасынан бір конверт алып маған ұсынды (Ә. Сәрсенбаев).

201. СЫР АШТЫ – СЫР БҮКТІ

Әңгіме басы сарабдал, Аяғы кетті ұласып, Бар шаруадан хабардар, Сөйлестік ұзақ **сыр ашып** (Ғ. Қайырбеков). Тау тұрды талай ғасыр **бүгіп сырын**, Тілі жоқ, мұны бардай бір жасырын (Қ. Аманжолов).

202. СЫР АЛДЫРДЫ – СЫР БЕРМЕДІ

Бәрінен бұрын **сыр алдырған** мен болдым: арада бірер сағат өтті ме, өтпеді ме білмеймін, бір мезгілде алақаным удай ашып, күректі қолымнан тастап жібердім (Н. Ғабдуллин). Сияз бар десе жүрегім, Орнықпайды суылдап. Сыртқыларға **сыр бермей**, Құр күлемін жымыңдап (Абай).

203. СЫР БІЛДІРДІ – СЫР ЖАСЫРДЫ

Көңілдегі **сырды** көз **білдіреді** (мақал). Қожаш та Серғазыдан **сыр жасырған** жоқ (С. Көбеев).

204. СЫРТЫ БҮТІН – ІШІ ТҮТІН

...Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда, Көзінің **сырты бүтін, іші түтін** (Абай).

205. СЫРТЫ ПЫСЫҚ – ІШІ НАС

Кеселді жалқау, қылжакбас, Әзір тамақ, әзір ас. **Сыртың - пысық, ішің – нас**, Артын ойлап ұялмас (Абай).

206. ТАҢ АТТЫ – КҮН БАТТЫ

...**Таң атқан** соң шығарын күннің біліп, Өні қашып бола алмас бұрынғыдай (Абай). **Күн де батты** бір жерге Әзім жатты, Күн батқан соң жан-жағын сылдыр қакты (Абай).

207. ТАҢ АТТЫ – ҚАС ҚАРАЙДЫ

...**Таң атқан** соң шығарын күннің біліп, Өңі қашып бола алмас бұрынғыдай (Абай). Мұраттар барлауға шыққанда әбден **қас қарайды** (Т. Ахтанов).

208. ТАСЫ ӨРГЕ ДОМАЛАУ – СОРЫ ҚАЙНАУ

Тасы өрге домалап, төрт құбыласы түгел болып келе жатқандар (Т.Ахтанов. Шырағың сөнбесін). **Соры қайнаған** халықты басқыншылардан азат етеміз, өз алдымызға жеке болып, етек жабамыз деп алысқан жоқпыз ба? (Қ.Жұмаділов. Соңғы көш).

209. ТӘҢІР БАҚЫТ БЕРСІН – ТӘҢІР АЛҒЫР

210. ТӘҢІР ЖАРЫЛҚАСЫН – ТӘҢІР АТСЫН

211. ТОРҚАЛЫ ТОЙ -- ТОПЫРАҚТЫ ӨЛІМ

Әшейінде қаншалық қиян-кескі араз боп жүрсе де, **торқалы той, топырақты өлім** дегенге келгенде араздық ұмытыла тұратын (М.Әуезов. Абай жолы).

212. ТӨБЕСІ КӨККЕ ЖЕТУ -- ҚАБАҒЫН ҚАРС ЖАБУ

Ер егесте, нар кешуде. Жаңағы сөздер **төбемді көкке жеткізгендей** (М.Әуезов. Абай жолы). Сейітқалы **қабағын қарс жауып**, жан-жағына қарады да, қойшыларды сөге бастады (Ғ. Мұстафин).

213. ТҰҚЫМЫН ТҮПТЕСІН, ҚАТЫНЫҢ ЖҮКТЕСІН - ӨРІСІНДІ ӨРТ АЛҒЫР, ЖАЙЛАУЫҢДЫ ЖАУ АЛҒЫР

214. ТҮЗДЕ МЫРЗАҢ – ҮЙДЕ СЫРДАҢ

Түзде мырзаң, Үйде сырдаң сөзі қылжаң еркесі (Абай).

215. ТІЛІ КҮРМЕЛДІ (БАЙЛАНДЫ) – ТІЛГЕ КЕЛДІ

Тілі күрмелді білем (Ғ.Мұстафин. Миллионер). Кеше Әзімбай мен Жігітектің ана бір өңшен сіңірі шыққан көп кедейі неғып **тілге келіп** тіресетін болды? (М.Әуезов. Абай).

216. ТІС ҚАҚҚАН – БЕСІКТЕН БЕЛІ ШЫҚПАҒАН

Кәптен бері сан сайлауды өткізген, **тіс қаққан** Жиренше біледі (М.Әуезов. Абай). **Бесіктен белі шықпаған**, Жасы өсіп теңелді (Д. Бабатайұлы).

217. ҰЙҚЫСЫ ҚАНДЫ – КӨЗ ІЛМЕДІ

Ертеңіне ертемен оянса, **ұйқысы қанып**, бойы сергіп қалған екен (С. Мұқанов). Таң атқанша айғай салып **көз ілмеймін**. Бай жатыр ақ үйінде пыр-пыр етіп (С. Торайғыров).

218. ҰНЖЫРҒАСЫ ТҮСТІ – КӨҢІЛІ КӨТЕРІЛДІ

Қыз: ағай, сіз акын екенсіз демей, ағай, сіз ақымақ екенсіз деген шығар деп ойладым. Одан сайын **ұнжырғам түсіп** кетті (Ө.Нұршайықов. Махаббат жыры). Сол бір күнді еске алсам-ақ **көңілім көтеріліп** бойымды шаттық кернейді («Жұлдыз»).

219. ҮМІТ ҮЗДІ – ҮМІТ ЕТТІ

Бұлар жас ұрпақтың **үмітін үзіп**, жас өмірін мезгілсіз қиып тастап кеткен қауіпті жәндіктер (С. Төлешов). ...Бере берсең бер десе, **Үміт етер** таласып.

220. ІЛГЕРІ БАСТЫ – КЕРІ КЕТТІ

Ілгері басканның иті оттайды, **Кері** кеткеннің келіні ұры қылады (мақал).

221. ІСКЕ АЛҒЫСЫЗ – ІСКЕ ТАТЫР

Міне қызық, бері қара, **Іске алғысыз** ескі ара, Қолынан оның өткені, Құлпырып-жайнап кеткені (Қ. Аманжолов).

222. ІШ ТАРТТЫ – ІРГЕСІН АУЛАҚ САЛДЫ

Әйтеуір **іш тартса** болды ғой... (М. Иманжанов). ... «Таныс» енді танымас, **Салар іргесін алысқа** (Жамбыл).

223. ІШІМ ӨЛГЕН – СЫРТЫМ САУ

Мен не қылдым, япырмау **Ішім өлген, сыртым сау**, Босқа үрейім жүр менің (Абай).

224. ШӨЛІ (СУСЫНЫ) ҚАНДЫ – ҚАНЫ КЕПТІ

Бәйшешек, балауса гүл балдырғандай, Қаратып шырайына талдырғандай. Сусындай әбілхаят шөлдеп ішкен, Лебізі **сусынынды қандырғандай** (І. Жансүгіров). **Қаным** кеуіп шөлдеп барамын (Ө. Әбішев).

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ АНТОНИМДЕР

1. АДАЛ – АРАМ

Адал еңбек елге жеткізер,
Арам қулық елден кеткізер.

2. АЗ – КӨП

Досы *азбен* сырлас,
Досы *көппен* сыйлас.

Аз жұмысты қиынсынсаң,
Көп жұмысқа тап боларсың.

Жігітке жеті өнер *аз*, жетпіс өнер *көп* емес.

3. АҚ – ҚАРА

Ақ ит, *қара* ит – бәрі бір ит.

4. АҚЫМАҚ – АҚЫЛДЫ

Көп *ақымақтың* ағасы болғанша, бір *ақылдының* інісі бол.

Ақымақ ішкен-жегенін айтады,
Ақылды көрген-білгенін айтады.

Ақымақтың ақылы білегінде,
Ақылдының ақылы жүрегінде.

5. АЛ – БЕР

Молда «*бер*» деген сөзді білмейді,
«*Ал*» деген сөзді біледі.

6. АЛЫС – ЖАҚЫН

Алыстан арбалағанша, *жақыннан* дорбала.

7. АРАЗ – ТАТУ

Ағайын бірде *араз*, бірде *тату*.

8. АРЗАН – ҚЫМБАТ

Білім *арзан*, білу *қымбат*.

9. АРТЫҚ – КЕМ

Артық сөйле, *кем* сөйле,
Таразылап тең сөйле.

10. АШ – ТОҚ

Аш бала тоқ баламен ойнамайды,
Ток бала аш болам деп ойламайды.

11. АШУ – АҚЫЛ

Ашу - дұшпан, *ақыл* – дос.

12. АЩЫ – ТӘТТІ

Ащы еңбектен *тәтті* нан.

13. БАЙ – КЕДЕЙ

Ұры бір түнде – *бай*,
Бір күнде – *кедей*.

14. БАР – ЖОҚ

Бар болсаң «жөкпын» деме,
Жоқ болсаң «тоқпын» деме.

15. БАСЫ – СОҢЫ

Білімнің *басы* – бейнет, *соңы* – зейнет.

16. БАТАР – АТАР

Батар күннің *атар* таңы бар.

17. БЕЙНЕТ – ЗЕЙНЕТ

Жас кезімде *бейнет* бер,
Қартайғанда *зейнет* бер.

18. БҰЛ ДҮНИЕ – ОЛ ДҮНИЕ

Бұл дүниенің құсасы,
Ол дүниеге кетпейді.

19. БҰЗ – ТҮЗЕ

Акымақ *бұзуга* бар, *түзеуге* жоқ.

Жалғаймын деп, үзіп алма,
Түзеймін деп, *бұзып* алма.

20. ЕРТЕ – КЕШ

Ерте шықсаң, алдыңнан күн шығады,
Кеш шықсаң, алдыңнан түн шығады.

21. ЕСКІ – ЖАҢА

Ескі киім *жаңа* киімнің қорғаушысы

Ескіні еске алмай, *жаңа* жадына түспейді.

22. ЖАМАН – ЖАҚСЫ

Жаман айтпай *жақсы* жоқ.

23. ЖАСТЫҚ – КӘРІЛІК

Жастық – жалын, *кәрілік* – күл.

24. ЖАУ – ДОС

Жауға жалынба.
Досқа тарылма

25. ЖОҚТЫҚ – ТОҚТЫҚ

Жоқтық ұят емес, *тоқтық* мұрат емес.

26. ЖҰМ – АШ

Жұмсам – жұдырығымда.
Ашсам – алақанымда.

27. ЖҰМСАҚ – ҚАТТЫ

Төтгі-ащысы да – тіл,
Жұмсақ-қаттысы да – тіл.

28. ЖЫЛЫ – СУЫҚ

Үйдің *жылы-суығын*,
Қыс түскенде білерсін.
Кімнің алыс-жақынын,
Іс түскенде білерсін.

29. КЕДЕЙ – БАЙ

Кедей мен *бай* жолдас болмас,
Қасқыр мен қой жолдас болмас.

30. КЕҢ – ТАР

Кең жерде тар отырсаң,
Тар жерде кең отырарсың.

Көңіл *кең* болса, үйдін *тарлығы* білінбес.

31. КӨП – АЗ

Көп сөз -- күміс,
Аз сөз -- алтын.

Көп тыңда, *аз* сөйле.

32. КҮН - ТҮН

Ерте шықсаң, алдыңнан *күн* шығады,
Кеш шықсаң, алдыңнан *түн* шығады.

33. КІШІ – ҮЛКЕН

Кіші баланың ұятын *үлкен* бала көтереді.

34. ҚАЙҒЫ – ҚУАНЫШ

Қайғы қартайтады,
Қуаныш марқайтады.

35. ҚИЫН – ОҢАЙ

Істеу *қиын*, сынау *оңай*

36. ҚОРҚАҚ – БАТЫР

Қорқақтың қатыны болғанша,
Батырдың жесірі бол.

Көз *қорқақ*, қол *батыр*

37. ҚҰТ – ЖҰТ

Қонақ келсе – *құт*,
Қаракшы келсе -- *жұт*.

38. ҚЫСҚА – ҰЗЫН

Бойың *қысқа* болса, түйеге мін,
Бойың *ұзын* болса, есекке мін.

39. САҰ – АУРУ

Саудың асын ішіп,
Аурудың ісін істейді.

40. СҰЛТАН – ҰЛТАН

Өзге елде *сұлтан* болғанша,
Өз елінде *ұлтан* бол.

41. ТАР – КЕҢ

Өз етігің *тар* болса, дүниенің *кеңдігінен* не пайда.

42. ТАРШЫЛЫҚ – КЕҢШІЛІК

Таршылық болмай *кеңшілік* болмайды.

43. ТАУДАЙ – БАРМАҚТАЙ

Таудай талаптан *бармақтай* бақ.

44. ТӘТТІ – АЩЫ

Тәтті-ащысы да – тіл,
Жұмсақ-қаттысы да – тіл.

45. ТОҚ – АШ

Тоқ адамды ұйқы басады,
Аш адамнан ұйқы қашады.

46. ТҮЙЕДЕЙ – ТҮЙМЕДЕЙ

Түйедей бойың болғанша, *түймедей* ойын болсын.

47. ТІРІ - ӨЛІ

Тіріде сыйласпаған *өлгенде* жыласпайды.

48. ОҢАЙ – ҚИЫН

Шашу *оңай*, жинау *қиын*.

Айтуға *оңай*, істеуге *қиын*.

Үйлену *оңай*, үй болу *қиын*.

49. ОҢ – СОЛ

Оң қолыңа *сол* қолың арашасы болсын.

Оң қолым, *сол* қолым – бәрі өз қолым.

50. ОТЫР – ТҰР

Отырса – опақ, *тұрса* – сопақ.

51. ӨЗГЕ - ӨЗ

Өзге елде сұлтан болғанша,
Өз елінде ұлтан бол.

52. ӨТІРІК – ШЫН

Бал тамған *өтіріктен*, қан тамған *шындық* артық.

Өтірік – қаңбақ, *шын* – салмақ.

53. ҰЗЫН – ҚЫСҚА

Қолы *ұзын* сүйгенін алады,
Қолы *қысқа* тигенін алады.

54. ҮЙРЕН – ЖИРЕН

Жақсыдан *үйрен*, жаманнан *жирен*.

55. ҮЛКЕН – КІШІ

Үлкен бастар, *кіші* қостар.

56. ШАШ – ЖИНА

Шашу оңай, *жинау* қиын.

57. ШЫНДЫҚ - ӨТІРІК

Шындық бар жерде *өтірік* байқап жүреді,
Шындық жоқ жерде шіреніп, шайқап жүреді.

Шын бір сөз, *өтірік* мың сөз.

Ғылыми әдебиеттер тізімі:

1. Айтбаев Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. Алматы: Ғылым, 1975. –228 бет.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. (төртінші басылымы) Алматы, 2002. –664 бет.
3. Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. Алматы, 1976. –115 б.
4. Болғанбаев Ө. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы: Мектеп, 1988. –147 бет.
5. Болғанбаев Ө., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқу құралы. Алматы: Санат, 1997. –256 бет.
6. Жұмабекова А.К. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. Алматы, 2000. –184 бет.
7. Жұмабекова А.К. Антоним. Антонимия. Антонимдер сөздігі //Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы, 1998.
8. Кенжеахметов С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. Алматы: Санат, 1998. –256 бет.
9. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977. – 712 бет.
10. Кожанметова Х.К., Жайсакова Р.Е., Кожанметова Ш.О. Казахско-русский фразеологический словарь. – Алма-Ата: Мектеп, 1988. -224 с.
11. Қазақ мақал-мәтелдері / Құраст. М. Акқозин. – Алматы: Қазақстан, 1990. –228 бет.
12. Қазақ лексикологиясындағы жаңа қолданыстар. Толықтырылған 2-ші басылым. (Жауапты редактор Ө.Қайдаров) Алматы: Ғылым, 1988.
13. Қайдаров Ө. ж. б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
14. Кожанметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. Алматы: Мектеп, 1972. –112 бет.
15. Қоныров Т. Қазақ тілінің тұрақты теңеулері сөздігі. Алматы, 1990. –318б.
16. Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. Алматы, 1984. –176 бет.
17. Нұрмаханов А. Түркі фразеологиясы. Алматы: Ғылым, 1998. -272 б.
18. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы: Рауан, 1991. –216 б.
19. Сәрсенбаев Р. Қазақ тілі фразеологиясы. Арнаулы курс. Лекция. Алматы, 1973.
20. Сөз өнері (Тіл мәдениеті туралы). Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1978 ж. – 184 б.
21. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. Алматы: Санат, 1996. – 128 бет.
22. Сыздықова Р. Сөз күдіреті. –Алматы, 1997. –224 бет.
23. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. Алматы: Санат, 1995. –208 бет.
24. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. Алматы, 1998.
25. Ураксин З.Г. Фразеология башкирского языка. Москва: Наука, 1975.

- 26.Шанский Н.М. Фразеология современного русского языка.
Москва:Высшая школа, 1969.
- 27.Шанский Н.М. Современный русский язык. Москва:Просвещение,
1981 г. –191 с.
- 28.Фомина М.И. Современный русский язык.Лексикология: - Москва:
Высшая школа, 1990. – 415с.

Ғылыми мақалалар тізімі:

1. Ахметжаева Ф., Қайырбаева Қ. «Ақ» сөзіне байланысты тұрақты сөз тіркестері // «Қазақ тілі мен әдебиеті». № 7-8, 1998. (44-45 б.).
2. Болғанбайұлы Ә. Қазақтың мақал-мәтелдері // Егеменді Қазақстан. 17 қазан, 1996.
3. Динаева Б. Қазақ мақал-мәтелдерінің логика-семантикалық және прагматикалық сипаты // «Тілтаным». №1, 2001. (66-71 б.).
4. Динаева Б. Фразеология және мақал-мәтелдер // «Қазақ тілі мен әдебиеті». №8, 2001. (50-52 б.).
5. Есіргепова К. Әйел ақындар өлеңдеріндегі антонимдердің қолданысы // «Ізденіс». №1, 2003. (133-135б.).
6. Жұмабекова А.К. Жүйелілік принципіне негізделген жаңа типтегі қазақ тілінің антонимдер сөздігі // ҚР ҰҒА-ның Хабарлары. №5-6, 2000. (20-27 б.).
7. Кенжемұратова С.К. Мақал-мәтел тіліндегі кейбір ерекшеліктер // Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ Хабаршысы. №14 (48), 2002. (96-99 б.).
8. Кенжемұратова С.К. Мақал-мәтелдердің зерттелу тарихынан // Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ Хабаршысы. №14 (48), 2002. (146-148 б.).
9. Қоныратбаева Ж. Қазақ прозасындағы фразеологизмдердің лексика-грамматикалық ерекшеліктері // «Ізденіс». № 2, 2000. (12-17 б.).
10. Рахматуллаев Ш. Некоторые вопросы узбекской фразеологии // Автореф. дис. доктора. Филол. наук. –Ташкент:Фан,1996. –105с.
11. Рыспаева Г. Культтік фразеологизмдердің лексика-семантикалық қасиеті // «Қазақ тілі мен әдебиеті». № 3, 1994. (84-87 б.).
12. Рысбаева Г. «Күдай», «алла», «тәңір» сөздерінен туындаған фразеологизмдер // «Қазақ тілі мен әдебиеті». №9-10, 1998. (56-60 б.).
13. Сарекенова Қ. Фразеологизмдердің қолданылу ерекшеліктері // «Ізденіс». №1, 2001. (11-15 б.).
14. Сәтенова С. Қос тағанды фразеологиялық тіркестердегі мағыналық үйлесімділік // «Қазақ тілі мен әдебиеті». № 7-8, 1997. (42-45 б.).
15. Сидоренко М.И. О фразеологических антонимах в русском языке // «Русский язык в школе». № 3, 1969. (стр. 94-97).
16. Смағұлова Г. Фразеолгизмдердің түпкі және туынды тұлғалары // «Қазақ тілі мен әдебиеті». №3, 1994. (29-34 б.).
17. Смағұлова Г. Адамның көңіл-күйін білдіретін (күлу, жылау) фразеологизмдері // «Қазақ тілі мен әдебиеті». №7-8, 1997. (35-37б.).
18. Уызбаева Б. Фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер арасындағы қатыстық // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1993, № 3. (53-54 б.).

Көркем әдебиеттер тізімі:

1. Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы: Жазушы, 1995. –336 бет.
2. Адамбеков С. Атылған қыз туралы аңыз: Роман. –Алматы: Жазушы, 1982. –272 бет.
3. Ахтанов Т. Шырағың сөнбесін. –Алматы, 1984. –414 бет.
4. Әбішев Ә. Шығармалар жинағы: 5-томдық. –Алматы, 1981. –416 бет.
5. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. –Алматы: Жазушы, 1990. – Бірінші кітап. Абай. –608 бет.
6. Әуезов М. Қараш – қараш: Әңгімелер, пьесалар жинағы. –Алматы, 1990. –474 бет.
7. Байғанин Н. Таңдамалы шығармалар./Т.Садуақасов. –Алматы, 1991. –397 бет.
8. Бекхожин Қ. Алты асқар. –Алматы: Жазушы, 1973. –300 бет.
9. Бөкеев О. Ұйқым келмейді: Повесть, әңгімелер. –Алматы, 1990. –559 бет.
10. Есенберлин І. Көшпенділер: Тарихи трилогия. –Алматы: «І. Есенберлин атындағы қоры», 1998. –584 бет.
11. Иманжанов М. Алғашқы айлар. –Алматы: Жазушы, 1983. –358 бет.
12. Кабдолов З. Өмір ұшқыны: Повесть. –Алматы: Қазмемкөркемәдеббаспасы, 1956. –312 бет.
13. Қайырбеков Ғ. Үш киян: Повестер. –Алматы, 1993. –448 бет.
14. Майлин Б. Шұғаның белгісі. –Алматы, 1974. –608 бет.
15. Мәуленов С. Жұлдызды жылдар. –Алматы: Қазмембаспасы, 1963. –179 бет.
16. Мұқанов С. Ботагөз. –Алматы: Жазушы, 1989. –480 бет.
17. Мұстафин Ғ. Миллионер: 4-томдық. –Алматы: Жазушы, 1970. –340 бет.
18. Мүсірепов Ғ. Оянған өлке. –Алматы: Жазушы, 1974. –484 бет.
19. Нұршайықов Ә. Махаббат, қызық мол жылдар. –Алматы: Атамұра, 2002. –320 бет.
20. Саин Ж. Жол үстінде. –Алматы, 1961. –264 бет.
21. Сәрсенбаев Ә. Шамшырақ: Роман. –Алматы: Жалын, 1990. –416 бет.
22. Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу: Тарихи-мемуарлық роман. –Алматы: Жазушы, 1977. –392 бет.
23. Торайғыров С., Көбеев С. Адасқан өмір. –Алматы: Рауан, 1992. –239 бет.
24. Токмағамбетов А. Шығармалар жинағы: 4-томдық. –Алматы: Жазушы, 1984. –463 бет.
25. Тұрманжанов Ә. Шығармалар. Екі томдық. –Алматы: Жазушы, 1975. –280 бет.